

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ

БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ

Ақпан айы 2023 жыл | № 02 (40)

Білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық басылым

МББ аты: «БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналы

МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша

Шығу жиілігі: айына 1 рет Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Меншік иесі: «Қаламгер ТЕН» ЖШС Алматы қаласы Бас редакторы: Нагиев И. Б.

Негізгі тақырыптық бағыты: білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық

«БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналына жарияланған ақпараттардың
авторлық құқы ақпарат авторына тиесілі, редакция жауапты емес.

Жарияланған ақпарат авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Журнал ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген.

Куәлік № KZ37VPY00015077. Нұр-Сұлтан қаласы. 19.09.2019 жыл

Тапсырыс: 562 Таралымы: 3000 дана.

Журнал «Қаламгер ТЕН» ЖШС баспаханасында басылды.

Алматы қаласы – 2023 жыл Телефон: 8 777 055 0590

ЖАС МАМАН БОЙЫНАН ЖАҢАШЫЛ ҰСТАЗ ТӘРБИЕЛЕУ

КАЛЫБАЕВА ЗАДАГУЛ БОРАНБАЕВНА

ЖББОМ ДИРЕКТОРЫ

Ақтөбе қаласының білім бөлімі ММ

«Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы № 66 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ

Оқушы бойына білім нәрін себетін, адамгершілік дәнін егетін басты тұлға - Ұстаз.

Ұстаздық ұлы қасиет. Ұстаз – білім нәрімен сусындаған жан.

Абай ағамыз «сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» деп айтқандай әр оқушыға білім беріп, оған өмірлік бағыт сілтеп өмірге «кірпіш» болып қалануына зор үлес қосушы- мұғалім.

Еліміздің ертеңі, шың мәнінде жастардың қолында, ал ұрпақтың тағдыры үшін жауап беру, отаншыл адамды, тұлғаны қалыптастыру, жастардың жанына нұр себу – ұстаз атаулыға үлкен салмақ тастап отыр. Сондықтан ұстаздар, күнделікті өмірдің жай ғана адамы емес, болашақты құрушыларды, адамзаттың сәулетті болашағын жасаушыларды тәрбиелеп отырғанымызды ұмытпауымыз керек. Олай болса, егеменді еліміздің тағдыры, жас ұрпақтың тағдыры – бүгінгі ұстаздардың қолында.

XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, қалыптасуына әсерін тигізеді, әрі өзін - өзі дамытып, оқу - тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Қазіргі заман мұғалімі жаңа технологияны меңгеріп, қолданыста кең пайдалана білуі керек. Жаңа ғасыр мұғалімі шәкірт алдында терең білім, жан-жақты білікті тұлғасымен дараланып қадірленуі тиіс.

Жас ұрпақты тәрбиелеудегі мұғалімге жүктелген міндет жеңіл емес екенін сезініп те, түсініп те отырмыз. Білім беру, оқыту мен тәрбиелеу үздіксіз процесс. Қазіргі кезде білім берудегі мақсат жан – жақты білімді, өнер сүюге бейім, өзіндік ой - талғамы бар, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру.

Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі ғана емес, тарихи танымдық, педагогика – психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етіледі. Бүгінгі таңда жаңа мектепке – қазіргі заманғы мұғалім, білім берудің сапасы мен деңгейін жан – жақты көтерумен жаңаша ойлайтын, оқыту мен тәрбиенің жаңа инновациялық технологияларды күнделікті жұмысында қолдана білетін, білгір иесі болуы керек. Жаңа ғасыр мұғалімі талапқа сай болып, сапалы әрі сан алуан салиқалы тәрбиелік, білімділік қызметтерді ойдағыдай атқара білгенде ғана ұстаздық мақсатына жетеді.

Жаңашыл ұстаздың ең басты қасиеті инновациялық әдіс-тәсілдерді жетік меңгерумен қатар, оны орынды қызметінде қолдана білуі аса маңызды. Жалпы, білім бәсекесінде шек жоқ, Сухомлинскийдің «Мұғалім өзінің ізденісін тоқтатқанда, оның мұғалімдік қасиеті жойылады» деп атап көрсеткеніндей, күнделікті сабақ және тәрбие жұмыстарында шарқ ұрып ізденбей оң нәтижелерге қол жеткізуі мүмкін емес.

Неге десеңіз, өскелең заманға сай балалардың интеллектуалдық дәрежесінің күннен күнге артуына байланысты білім саласында қызмет істеу барған сайын күрделілене түсуде. Сондықтан да бала тәрбиелеудің, педагог болудың қиындығы мен жауапкершілігі артады. Ұстаз жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, естіген және аңғарған нәтижелерінің бәрін жадында ұстайтын аңғарымпаз, қиын сәтте тың шешімдер таба алатын тұлға болуы тиіс.

Жас маманның кәсіби құзыреттілігі рухани жағынан дамыған, педагогикалық құралдардың барлық түрін меңгерген, өзін әрдайым кәсіби тұрғыдан жетілдіріп отыратын шығармашыл тұлға болуында. Сонда ғана ол баланың табиғатындағы туа біткен қасиеттерді айқындай алады. Өйткені әр баланың бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерді ашу сол педагогтың еншісіндегі іс. Егер педагог шығармашыл болса, ол тәрбиелеген бала да шығармашылық әрекеттерге бет бұрады.

Белсенділік, отансүйгіштік, бастамашылдық ең бірінші педагогтың өз бойынан табылуы қажет. Ондай педагог балалардың танымдық қызығушылығын арттыра отырып, қоршаған ортаны тануына кеңінен жол ашады. Білік бесіктен басталады. Сәбилер мен бүлдіршіндер үшін алтын бесік – мектеп. Ол – үлкен өмірге жетелеп апаратын алтын көпір.

Балаға деген сүйіспеншілік пен жан жылуы жоқ жерде кішкентай періштелерді педагог өзіне баурап алуы мүмкін емес. Құпияға толы балалар әлемімен бірге өмір сүру мені қуанышқа бөлейді.

Білім мен ақпарат үстемдік құрған қоғамда білім беру жүйесі инновациялық экономиканың негізгі бөлігі болып табылады. Қатаң талаптары қалыптасып келе жатқан инновациялық экономика қай салада болса да, бүгінгі маманның құзыреттілігін, яғни өз саласы бойынша ой-пікірінің қалыптасуын, кәсібилігін, өмірдің өзгермелі жағдайына бейімділігін, оған сай өз білімін пайдалану ғана емес, оны қажеттікке қарай толықтырып отыруды талап етеді.

А.Ф.Присяжная педагогика ғылымында құзыреттілік - тұлғаның белгілі бір сферадағы функциялары мен уәкілеттігін анықтайтын, оның интегративті қасиеті ретінде қарастылатындығын айтады. Жас мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға жұмыс орнының және оқушылардың, заман ағымының әсері ерекше болып табылады.

Құзыреттілік дегеніміз жеке тұлғаның теориялық білімін оқу процессінің барысында практикалық тәжірибесімен ұштастыра отыра, жаңа жұмыс орнында білім беруге даярлығы мен қабілеті. Ол жансыз жаттанды білім түрінде емес жеке тұлғаның танымға, ойлауға қатысын және әрекетке, белгілі мәселелерді ұсынып, шешім жасауға, оның барысы мен нәтижелерін талдауға, ұдайы түрде ұтымды түзетулер енгізіп отыруға деген икемділігінің белсенділігінен көрінеді.

Жас маман өз ісінің шебері, жақсы мұғалім болу үшін мамандығына қажетті қабілеттерді және жалпы әлемдік мәдениетті, өз елінің мәдениетін, қарым-қатынас мәдениетін, тіл мәдениетін игеріп, интеграциялық үрдістерді меңгеріп, әлемдік білім кеңістігінің өресінен шыға алуға талпынуы керек.

Мұғалім қоғам талабына сай өзін-өзі үздіксіз тәрбиелеп отыратын, ортамен, адамдармен, балалармен, қарым-қатынасқа тез түсе алатын, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, тәжірибесі мол, т.б. қасиеттерді жинақтағанда ғана оның бойынан кәсіби құзыреттілігі анық байқалып тұрады.

Кәсіби құзыреттіліктің негізі оқу орнында теориялық және практикалық дайындық барысында қаланады. Осы үрдісте педагогикалық практика үлкен рөл атқарады. Ал практика нәтижесі студенттің кәсіби қызметке дайындығын көрсетеді. Ол педагогикалық оқу орнындағы оқу-тәрбие үрдісінің басты бір бөлігі болып табылады да, болашақ мұғалімдердің теориялық дайындығы мен практикалық іс-әрекетін біріктіруін қамтамасыз етеді.

Педагогикалық практиканы өту кезінде студенттің педагогикалық іскерлігі мен дағдылары жылдам қалыптасады. Оның шығармашылық және педагогикалық құбылыстарды зерттеуге деген қабілеті дамиды, педагогикалық шеберліктің негіздері қаланады.

Құзыреттілікті қалыптастыру – білім беру саласының өзекті мәселесі. Күн сайын адамға көптеген ақпарат тасқыны келеді. Ал оқу мазмұны мен оқыту әдістері ескі сарында қалып қояуда. Сондықтан білім берудегі әлеуметтік қажеттілік пен ол қажеттілікті қанағаттандырудың арасындағы қарама-қайшылық білім беру саласының дағдарысына әкеліп соғуда. Сол себепті мектеп мұғалімдерінің әдістемелік шығармашылығын дамытуды педагог-мамандардың біліктілігін жетілдіру жүйесінде ұйымдастыруды олардың кәсіби құзыреттілігі кезінде жүзеге асыру қажеттігі туындайды.

Құзыреттілік тәсіл идеясы – «қоғамға қандай, жеке тұлғаға қандай білім қажет және ол қоғамның қандай қажетін өтей алады» деген сұраққа жауап береді. Мұғалімнің құзыреттілігін қалыптастыру – бүгінгі білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі. Құзырлылық тәсіл, білім сапасын арттыруды дәстүрлі тәсіл мен білім мазмұнын ұлғайту арқылы шешудің арасындағы қарама-қайшылықтан туындаған дағдарыстан шығудың бір жолы деп қарастыруға болады. Бұл тәсіл білім берудің нәтижесіне басты орын береді. Оның сапасы алған білімнің көптігінен емес, сол білімді қолдана білумен маңызды.

Мұғалімнің басты рөлі – тұлғаның жеке дамуына негізделген, жан-жақты зерттелетін, сараланған білім беру үлгісінің басым бағыттарын айқындау, нәтижесінде еліміздің әлемдік өркениетке негізделген білім саясатының стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру. Осыған орай, нәтижеге бағытталған жалпы орта білім берудің жаңа жүйесіне ауысу білім беруді басқару жүйесіндегілерден мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруда жаңаша көзқарасты, ал мұғалімдерден негізгі кәсіби құзырлылықтарын дамытуды талап етеді.

БИОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ЮНУСМЕТОВА НИЛУФАР АБИТБЕКОВНА

Шымкент қаласы № 11 ЖОББМ

биология пәнінің мұғалімі

Жоғары сынып оқушыларының білімін қалыптастыруда мультимедиялық технологияларды пайдалану даярлығы қалыптастырылғандығының өлшемдері ретінде мотивациясы (қызығушылығы, ұмтылысы, т.б.), мультимедиялық технологияларға қатысты білімдері, технологиялық қызметтерді орындауы алынды. Осы өлшемдерді басшылыққа ала отырып, модельдің негізінде жоғары сынып оқушыларының мультимедиялық технологиялар негізінде білімін қалыптастырудың төрт деңгейі анықталды, олар: жоғары, жеткілікті, орта, төменгі деңгей. Жоғары деңгей: технологиялық білімге деген ынта-ықыласы, талпынысы жоғары, білімдері шындалған, өздігінен дербес ізденеді, мультимедиялық технологиялардың жетістіктеріне қажетті тұрғыда талдау береді, қазіргі заманауи коммуникациялық құралдарымен еркін байланыс жасайды.

Интернетті жетік меңгерген; мультимедиялық технологиялардың білімді қалыптастырудағы қажеттілігін өте жақсы түсінеді; компьютер арқылы оқудың мүмкіндігін жетік меңгерген, өзінің компьютерлік білімін білім алуға іс-әрекетте пайдаланады. Жеткілікті деңгей: білімді меңгеруге деген қызығушылығы, білімі бар; мультимедиялық технологиялар бойынша мәліметтерді өңдеуде, әртүрлі ақпарат көздерін іздеуді біледі; мультимедиялық технологиялардың қажеттілігін түсінеді; технологиялық, компьютерлік білімінің мүмкіндігін меңгерген, өзінің компьютерлік білімін білім алуға іс-әрекетте пайдаланады.

Орта деңгей: білімді меңгеруге ерекше ұмтылысы байқалмайды, білімі жеткіліксіз; мультимедиялық технологиялар саласынан білімі таяз; мультимедиялық технологиялардың қажеттілігін түсінуде өздігінен ішінара ізденеді, компьютердің мүмкіндігін түсіне бермейді, мультимедиялық технологияларды игеруде кездескен мәселелерді өздігімен шешуде қиналады, мультимедиялық технологияларды оқыту үдерісінде пайдалану мүмкіндіктерін мұғалімнің көмегімен жүзеге асырады. Төмен деңгей: білімді меңгеруге қиналады, білімі нашар; мультимедиялық технологиялардың көмегімен мәліметтерді өздігімен өңдей алмайды; мультимедиялық технологиялардың қажеттілігін түсіне бермейді, өз білімін компьютер арқылы оқудың мүмкіндігін және қажеттілігін білмейді; мультимедиялық технологияларды оқу үдерісінде пайдаланудың мүмкіндіктерін түсінбейді және білім алуға пайдалана алмайды.

Жоғары сынып оқушыларының мультимедиялық технологиялар негізінде білімін қалыптастыру педагогикалық жүйеде жүзеге асады. Кез-келген жүйе, соның ішінде жоғары сынып оқушыларының мультимедиялық технологиялар негізінде қалыптастыру жүйесі де белгілі бір шарттарды орындағанда ғана тиімді жүзеге асады. Сол себепті оны тиімді жүзеге асырудың шарттарын анықтап алу қажет. Біздің өз зерттеуімізде, педагогикалық шарттарды жоғары сынып оқушыларының мультимедиялық технологиялар негізінде білімін қалыптастыруда жоғары деңгейге жетуін қамтамасыз ететін, өзара байланысқан және өзара әрекеттесуші педагогикалық үдерістер кешенінің өлшемі деп түсінеміз. Осыған орай, жоғары сынып оқушыларының мультимедиялық технологиялар негізінде білімін қалыптастыру мақсатында педагогикалық шарттарды анықтаймыз. Бұл біріншіден, жоғары сынып оқушыларының мультимедиялық технологиялар негізінде білімін қалыптастырудың өлшемдері мен көрсеткіштерін, екіншіден, білімін қалыптастыру жүйесінің құрылымын және осы даярлықты қалыптастыруды қамтамасыздандыратын педагогикалық шарттарды (қажетті, жеткілікті) анықтауға көмектеседі. Жоғары сынып оқушыларының мультимедиялық технология негізінде білімін қалыптастырудың педагогикалық қажетті шарттарына: мақсаты (қоғамның заманауи талаптарына орай мультимедиялық технологияларды оқыту), оқушы (оқуға ынтасы мен ықыласы), мұғалім (мультимедиялық технологияларды оқытуға білімі, іскерлігі), оқыту мазмұны (оқулық, арнайы курс, әдістемелік нұсқаулары), оқыту әдістері (ауызша, көрнекі, практикалық; оқу және оқыту және т.б.), ұйымдастыру формалары (кеңесші, репетитор, мұғалім-оқушы, оқушы-оқушы), нәтиже (мультимедиялық технологияларды білімін қалыптастыруға даяр оқушы) жатады.

Ал, біздің қарастырып жоғары сынып оқушыларының мультимедиялық технология негізінде білімін қалыптастырудың педагогикалық жеткілікті шарттарында орындалуды қажет ететін:

1) жоғары сынып оқушысының тұлғалық субъективтік көзқарасын іс-әрекеттерде оның мультимедиялық технологияларды пайдалануға даярлығын қалыптастыру үдерісінде өзектендіру (оқушының білім алуда мультимедиялық технологияларды пайдаланудағы тұлғалық жетістіктерін ынталандыру, проблемалық оқыту жағдайын жасау, бейімдеу, өздігінен мультимедиялық технологияларды пайдалануға бағдарлау);

2) жоғары сынып оқушысының кәсіби іс-әрекеттерде мультимедиялық технологияларды пайдалануға даярлығын қалыптастыру үдерісіндегі басқаруды және өзін-өзі басқаруды жылдамдату (мұғалім мен оқушының АКТ-ны оқыту үдерісінде пайдалану даярлығын қалыптастыруды мақсаттандыру, педагогикалық үдеріс субъектілерінің өзара әрекеттік жүйесін қолдану);

3) оқыту үдерісінде технология пәні бойынша мультимедиялық технологияларды пайдалану теориясы мен практикасындағы оқу материалын құрылымдауды модульдік технологиялау (оқытуда модульдік технологияны қолдану, модуль түрінде берілген оқу бағдарламасымен оқушының өздігінен жұмыс істеу қабілетін дамыту, оқу материалының мазмұнын модульді меңгеруге бейімдеу, оқушының өздігінен жұмыс жасауын қадағалау, оқу әрекетінің тиімділігін артыру) мәселелер қарастырылады.

Ақпараттық технологиялардың әлеуеті жоғары сынып оқушыларының білімін жетілдірудің шынайы мүмкіндіктерін ашып көрсетеді. Атап айтсақ, оқу үдерісінде мультимедиялық технологияларды іске асырудың жүйелі ғылыми-әдістемелік жолын анықтайды; оқушылардың практикалық іс-әрекетінде мультимедиялық технологияларды пайдаланудың әдістемесін жасайды; мұғалімдердің ақпараттық технологияларды меңгеру және оқу үрдісінде пайдалану бойынша кәсіби біліктерін жетілдіреді; оқушылардың білім, білік, дағдысын қалыптастыру арқылы мультимедиялық технологияларды тиімді пайдалануға үйретеді; оқу орындарының материалдық-техникалық базасын нығайтады.

Жоғары сынып оқушылары мультимедиялық технологиялардың ықпалымен өздерінің біліміне қажетті (компьютердің көмегімен оқу және жазу, санау және сурет салу, ақпаратты іздеу, бағдарламалармен жұмыс істеу, ақпараттық-компьютерлік технологияларды пайдалану және т.б.) білім, біліктерін және дағдыларын қалыптастырады.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге жасаған талдау да формалар мен әдістердің ұйымдасқан жүйесін оқу-танымдық, зерттеушілік әрекеттерге және педагогикалық практикаға негіздеп жүргізу қажеттігін көрсетті.

Компьютерлік аудиторияларда өткізілетін сабақтарда, практикалық семинарларда, лабораториялық сабақтарда, жеке әдістемелік тақырып тармен жұмыс істеу

Түсіндірмелі-көрнекілік, проблемалық баяндау, іскерлік ойындар, іздеу, шығармашылық баяндамалар, проблемалық жағдайларды талдау.

Ғылыми-зерттеу іс-әрекеті

Проблемалық сабақтар, проблемалық практикумдар мен семинарлар, ғылыми-зерттеу тақырыптарымен жұмыс, оқу коммуникациялық жобалары, оқушының өздігінен бетінше жұмысы, конференциялар

Ішінара-ізденіс, зерттеу, шығармашылық баяндамалар, оқу-зерттеу ойындары, жобалау әдістері, кішігірім зерттеу.

Жоғары сынып оқушыларының ақпараттық технологияны білімді қалыптастыру әдістемесін жетілдіру мақсатында біз сонымен бірге оларға «Киімді конструкциялау мен модельдеуге» оқытуда қолданылатын виртуалдық жұмысты қолданамыз.

Сабақтың міндеттері: жоғары сынып оқушыларын мультимедиялық технологияның негізгі құрылымдарын қолдана білуге үйрету; сол арқылы оқушыларды ақпараттық технология құрылғыларын таныстыру, әдіс қолданысын жетік білу арқылы технология пәнін қажетті машықтарды практикалық тұрғыда шешу іс-әрекеттерін қалыптастыру және білімді автоматты түрде дербес компьютер көмегімен шығаруға дағдыландыру. Оқушыларды қарапайым математикалық модельдердің, компьютерлік бағдарламалардың көмегімен мультимедиялық технологияның тиімді әдістерін пайдалана білуге, тиімді нәтиже алуға, оларға талдау бере білуге үйрету.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН ТЕХНОЛОГИЯСЫ

МАТЕУОВА ЗЕЙНЕГУЛ ЖАКСЫГАЛИЕВНА

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы

№ 61 жалпы білім беретін орта мектеп

Көркем еңбек пәнінің мұғалімі

Қазіргі жаңартылған білім беру үдерісінде қалыптасып отырған жаңа атаудағы «Көркем еңбек» білім беру бағдарламасы кіріктірілген тұрғыда білім берудің теориялық негізіне сәйкес анықталғаны белгілі. Бұл атаудағы оқу пәнінің білім беру мазмұнына талдаулар жасау барысында, оның тұжырымдық бөлімінде, яғни мақсаты – оқушылардың көркемдіктехнологиялық білімі мен іскерліктерін қалыптастыруға, шығармашылық қабілеттері мен ойлауын дамытуға бағыттталып, еңбекке баулу оқу материалдарына басым бейімделсе, оның нәтижеге бағытталған оқыту мақсаттарының жүйесі бейнелеу өнері оқу материалдары кеңінен қарастырыла қамтылғаны байқалады.

«Көркем еңбек» пәнін оқытудың құрылуында ескерілетін мәселе, ол кіріктіре білім беру мен оқытудың теориялық негізін ерекше көңіл аударылуы қажет еді. Ол білім беру тұрғысында екі оқу пәннің біріктірілуінде бір оқу пәнінің оқу материалының басымдылығымен анықталуды ұсынады. Бірақ, ол оқу материалы қоғамдық қажеттілікті, оқушы тұлғасының сұранысы мен қызығушылықтарын ескеруі абзал. «Көркем еңбек» оқу пәнінің атау мазмұнында да бейнелеу өнерінің оқу материалына тән белгі – «көркем» ұғымымен ғана байланысты болып қана тұр. Оның өзі де тек «механикалық» сөз құрауға ғана қажет болғаны байқалады.

Шын мәнінде «көркем» сөзіне емес «еңбек» ұғымы сөйлемнің және «көркем еңбек» атаудың түйінді мәнін ашады. Олай болса, «Көркем еңбек» білім беру бағдарламасының мақсаты орынды анықталып, ал, оқыту жүйелерінің мақсаттары және қолданылатын ресурстар бейнелеу өнер оқу материалдарына икемделіп кеткені анықталып отыр.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда еңбекке баулу (технология) пәнінің алатын орны ерекше. Жалпы білім беретін орта мектептерде өтілетін еңбекке баулу (технология) пәнінде бастауыш мектеп оқушылары алғашқы рет еңбек әліппесімен танысып отырып, олардың байқағыштығы, ой-өрісі, олардың эстетикалық тұрғыдан көркем шығармашылық белгілері артып отырса, одан ары қарай жоғары сыныптарда олардың ақыл-ой жүйесі дами түсіп олардың шығармашылыққа деген ұмтылыстары дами түседі деп түсінідіреді.

Шығармашылық – адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі және еңбек етуге құлшынысы деп білеміз. Демек, әрбір адам өмірге дұрыс жол табу үшін өздігінше дұрыс ой түйіп, саналы да сапалы және дәлелді шешімдер қабыл дай білуге үйренуі керек. Демек, шығармашылық қабілет тек адамға ғана тән нәрсе деп білеміз. Адам бойындағы қабілетті үнемі дамытып отқанда ғана, олардың өшуіне жол бермеуге, адамның рухани күшін нығайтып отыруына және де өзін-өзі танып білуіне көмектеседі деп білеміз.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда еңбекке баулу (көркем еңбек) пәнінің алатын орны ерекше. Жалпы білім беретін орта мектептерде өтілетін еңбекке баулу (көркем еңбек) пәнінде оқушыларды алғашқы рет еңбек әліппесімен танысып отырып, олардың байқағыштығы, ой-өрісі, олардың эстетикалық тұрғыдан көркем шығармашылық белгілері артып отырса, одан ары қарай жоғары сыныптарда олардың ақыл-ой жүйесі дами түсіп олардың шығармашылыққа деген ұмтылыстары дами түседі деп түсінідіреді.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда бүгінгі мектеп оқушыларына жан-жақты білім беруде бүгінге дейін өтіліп келе жатқан мектептегі еңбекке баулу сабағы, қатардағы өтіліп келе жатқан пәндердің бірі болып саналынады.

Демек еңбек тәрбиесіне баулу көркем еңбек пәні арқылы жүзеге асырылып отырылады.

Көркем еңбек пәнін оқытуда – еңбек етудің алғышарттарын үйрену арқылы оқушыны жек тұлға ретінде тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

Осы мақсатты жүзеге асыру барысында, оқушыларға берілетін тәлім-тәрбие үрдісін жетілдіру, жұмыс мәдениетін, адамдар арасындағы адамгершілік қарым – қатынастарды жаңарту, еңбек біліктілігін қалыптастыру арқылы еңбекке өнімділігін арттыруға ынталандыру міндеттерін мұғалімге жіктейді.

Еңбек тәрбиесі - барлық тәрбиенің қайнар көзі. Еңбек тәрбиесі арқылы киімді пішу, тігу қолөнер шеберлігін меңгерту арқылы ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелей аламыз. Өйткені, оқушы алған теориялық білімін іс жүзінде қолдана отырып, оны өмірімен, өзінің ісәрекетімен байланыстыра білгенде ғана, өзіне де пайдасын тигізе алады. Технология сабағы арқылы оқушыны іскерлікке, ұқыптылыққа, әдемілікті сезініп, қабылдауға үйретеміз.

Біздің негізгі ұстанымыз: «Сөзден - іске көшу». Еңбек тәрбиесі арқылы киімді пішіп тігу, көркемдеу қол өнер шеберлігін меңгеру арқылы жас ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелеуді басшылыққа ала отырып жұмысты жүргіземіз. Оқушылар әр түрлі тігілген бұйымдарды зерттей отырып, баға берумен келешек кәсіби ісіне қажетті эстетикалық, ұлттық, этикалық және т. б. бағалы қасиеттерін өз бойларына қалыптастырады.

Көркем еңбек сабағында оқушылардың іске икемділігі мен іскерлігіне, өнерге, шеберлікке деген бейімділігін дамыта отырып қалыптастырамыз. Оқушылар отбасында да тұрмыстың әр түрлі өнімді еңбегіне қатысады. Баланың бойындағы сапалық қасиеттері, еңбекке қызығушылығы, табиғатты қорғауы, ұқыптылығы арқылы еңбек адамын көру.

Қазіргі кезде білім беру кеңістігінде инновациялық үрдістердің бағыттарының бірі - мектепке бағдарлау болып табылады. Оқушылардың қызығушылықтары, қабілеттері толық ескеріліп, сол қажеттілікке сай тиімді жағдайлар жасалып, білім беріледі.

Сабақ - оқыту мен тәрбиелеу үрдісінің негізгі формасы. Сабақтың мәнді өтуі мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Инновация – оны жеке түсініп, оқу үрдісіне енгізу - оқушылардың саналы да сапалы білім алудың бірден бір шарты.

Инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу жаңа білім берудің бірден бір шарты деп айттық. Саралап оқыту - оқушылардың туа біткен ақыл-ой қабілетінің жеке дамуының жан-жақтылығына негізделген білім беру жүйесі.

- оқытудың дәстүрлі емес сабақ түрлері мен жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану
- сабақтарда пайдаланатын негізгі әдістер оқушылардың көңіл күйіне, ынтасына, қабілетіне қарай, топпен, жеке оқушылармен жұмыс істеу, ойын элементтерін пайдалану тағы да басқа ойынның түрлері қолданамыз.

Оқушыларды кәсіптік бағдарлау ақпараттық үрдісі, ұдайы кәсіптік білім жөніндегі ақпараттарды талдауды және қорытындылауды қажет етеді. Бүгінгі еңбектің сипаты, мазмұны өзгеріп, жаңа талап пен міндеттерді қажет еткенімен, еңбекті құрмет тұту – халықтар дәстүрінде ежелден қалыптасқан. Балаларды еңбекке тәрбиелеу - қол еңбегі сабағынан басталады.

Адам баласы туа сала емес, көре-көре, жүре-жүре жетіледі. Бір адам еңбекке өте қабілетті болып өссе, енді бірі керісінше болады. Баланың жас шағында еңбек тәрбиесін дұрыс алуы немесе одан шет қалуы оның келешегінеяғни болашақ өміріне тәрбиесіне әсері орасан зор болып табылады. Баланың еңбек тәрбиесін меңгеруі, қоғам үшін ғана емес, оның жеке басы, өз тіршілігі үшін де қажет. Еңбекке сүйетін адамның өмірінде реніш болмайды.

Олар үнемі көтеріңкі көңіл-күйде жүреді. Отбасына еңбек тәрбиесін жүргізгенде, баланы белгілі бір мамандыққа бейімдей даярлауды ескерген жөн. Егер бала отбасында еңбек тәрбиесін дұрыс алып шықса, мектепке іскерлікке үйрену оңайға түседі.

Оқушыларды кәсіпкерлікке, қазіргі заман талабына сай басқару, білу, ұйымдастыру, іске асыру жұмыстарына бейімдеу басшылыққа негіз болады. Еңбек тәрбиесі арқылы киімді пішу, тігу қолөнер шеберлігін меңгерту арқылы ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелей аламыз.

Өйткені, оқушы алған теориялық білімін іс жүзінде қолдана отырып, оны өмірімен, өзінің ісәрекетімен байланыстыра білгенде ғана, өзіне де пайдасын тигізе алады. Технология сабағы арқылы оқушыны іскерлікке, ұқыптылыққа, әдемілікті сезініп, қабылдауға үйретеміз. Біздің негізгі ұстанымыз: «Сөзден - іске көшу». Еңбек тәрбиесі – барлық тәрбиенің қайнар көзі болып табылады.

ТАМЫРЫ ТЕРЕҢ ТАРИХЫМ!

КЕУІЛ СЕРІК МАКСОТҰЛЫ

*Ақтөбе қаласының білім бөлімі ММ
«№ 53 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ
Тарих пән мұғалімі*

Бүгінгі сөз қазақ халқының қалыптасып, мемлекеттігінің нығаюында үлкен рөл атқарған тарихи оқиғалар жөнінде болмақ. Қазақ мемлекеттігінің тікелей басталуы болған Алтын Орда империясының құрылуы Жошының баласы Шыңғысханның немересі Бату ханның атына тікелей байланысты.

Аты әлемді тітіреткен Шыңғыс қаған дүниеден өткен соң Батысқа жорық жасау тізгінін Шыңғысханның немересі Бату алады. Жеті жылдық жорық орыс кінәздіктерінің жерлерін, Шығыс Еуропа елдері аумақтарын қамтып, Адриат теңізіне дейін тірелді. Ұлы Ордадағы хан Үгедейдің өлімі, Батудың Еуропа елдеріне бағытталған жорығын аяқтатпай Дешті Қыпшақ даласына қайта оралуына мәжбүрледі. Шыңғыс хан балаларының бір-біріне деген ескі кектері Шыңғыс империясының ыдырауына әкелді. Осы кезде Жошының үлесіне тиген Ұлысын негіз етіп Бату хан өзінің мемлекетінің шаңырағын көтереді.

Және дәурені екі жарым ғасырға жуық уақытқа созылған бұл мемлекет (1242-1502) бұдан бұрын тарих сахнасында болған Ұлы Түркі мемлекетінің қайталауы ретінде келді. Бұның Түркі мемлекеті екендігінің дәлелі Алтын орда билік жүргізген аумақтарда түркі атауларының әлі күнге дейін сақталуы, мысалы: Солтүстік Кавказ елдеріндегі «Ішкері», «Қаса жұрт», «Мақашқала» атаулары. Және де халқымыздың есінде қалған, әлі күнге тіл-ауызында жүрген «Балқан, балқан тау ол да біздің барған жер» деген сөздер қазіргі Балқан түбегін меңзеп тұрғандай, бабаларымыздың осынау ұлы мемлекетті құрушы супер этнос болғандығы жөніндегі куәлікке шақырып тұрғандай.

Бату хан дүниеден өткеннен кейін билікте болған інісі Берке билігі кезінде Ордада ислам діні мемлекеттік деңгейге шыға бастауымен ерекшеленеді.

Батудың баласы Өзбек ханның билігі кезінде ислам діні әбден орнығып Орда халқының негізгі дініне айналды. Алтын Орда хандарының жорықтары, және сол өңірлерде жүрген Орда билігі Кавказ жерінде орналасқан кейбір халықтардың түркі тілін қабылдап сол тілде сөйлеу мәнерін қалыптастырды. Алтын Орданың құлдырап күні бата бастаған кезеңі Бердібек ханның тұсында басталады. Орда тарихында бұл жағдай «Ұлы Аласпыран» деген атаумен қалды.

Бұл жағдай халқымыздың есінде «Бердібек ханның өлгені, Нар мойнының кесілгені» деген атпен қалды. Осы кезден бастап Орданың аймақ билеушілері сұлтандар өз ұлыстарында жеке билікке ұмтыла бастады. Жошы ұлысының сол қанаты болған Орда Еженнің үлесіне тиген Ақ орда аймағы да осы кезеңде жеке мемлекет болуға талпына бастады, Әмір Темірдің Ордаға жасаған соққысынан Ақ Ордадағы Орда Ежен ұрпақтарының билігі әлсіреп, биліке Жошының кіші баласы Шайбан ұрпағынан шыққан Әбілқайырдың келуіне жол ашты. Тарих жүрісінде Орданың ендігі мемлекеттігі Әбілқайыр атымен атала бастады. Әбілқайыр билігі кезінде Орда тірлігі аса мазасыз жағдайда, үздіксіз соғыспен өтіп жатты. Сығанақ түбінде Әбілқайыр әскері ойраттардан ауыр жеңіліс тапты.

Осындай жағдайлардың әсерімен Әбілқайыр билігіне разы болмаған, Орданың заңды мұрагерлері Еженнің ұрпақтары Керей мен Жәнібектің Әбілқайыр хандығынан бөлініп көшуіне әкелді. Бұлардың Әбілқайыр билігіне мойынсынбай, бағынбай кетуі екі сұлтанның соңына ерген ру-тайпаларға «Қазақ» деген атауды ала келді. Осындай оқиғалар тізбегінің нәтижесінде, келесі кезекте тарих сахнасына Алтын Орда мұрагері Қазақ хандығы келді. Бұлар өз кезегінде әлсіреген Әбілқайыр мемлекетіндегі билікті басып алып, тарих сахнасындағы өз орындары үшін күрес жүргізді. Осы күрес нәтижесінде Алтын Орда мұрагерлері болған хандықтардың күйреу процесінде, олардан қалған Түркі тайпаларын Қазақ деп аталған шаңырақ астына біріктірді.

Жарты дүниені уысында ұстаған ұлы держава Алтын Орданың күні батып, дәурені өткен соң, көшпенді елдер ұрпақтары ендігі, әр жерде бөлек өз шаңырақтарын тіге бастады. Міне, осы кезеңдерде тарих сахнасына Қазақ мемлекеттігі келді.

Бұл бір уақыт, бір орталыққа бағынған мемлекет құлап елден береке кетіп, балапан басына тұрымтай тұсына кеткен кез еді. Батыстағы Русь княздіктері бірігіп бір орталыққа бағынған мемлекет құра бастады. Дәурені көшіп, берекесі кеткен көшпенді тайпалар үшін қайтадан қосылып, бір мемлекет құру, сыртқы жаудан қорғанумен қатар келешекті сақтап қалудың бірден-бір амалы еді.

Сол кезеңдерде осындай жерге көз алартқандар болмады деп қалай айта аламыз. осы жерлерді сақтау үшін бабаларымыздың қаны суша ақты. Міне осы кезеңде түбі бір тайпалар бірігіп тарих сахнасына жаңа мемлекет Қазақ хандығын әкелді. Қазақ хандығының құрылуы жөнінде зерттеулер әлі де керек ақ. Хандық құрылып халқы молайып, жері кеңейген сайын елді басқаруда, хабар алысуда және де толып жатқан жағдайларға байланысты жаңа бір реформа дүниеге келді.

Бұл реформа толып жатқан көшпенді тайпаларды біріктіріп **үш жүзге** бөлу түрінде дүниеге келді. Бұған себеп қазақ даласының, сахарасының кеңдігі, көшпенді халық, шаруашылық ыңғайымен бір-бірінен алшақ, шашырай қоныстануы еді. Қазақ үш жүзге бөлінгенімен бір-бірімен қарым-қатынастан, ынтымақтан айрылған жоқ. Сол заман халықты біртұтас үш жүзге бөліп, ұлылығын ұлықтап, елдігін еңселетіп ұстаған заман болды. Сол кезеңдерде халқымыз ұрпақ тәрбиесіне көп көңіл бөлген. Батырлар жайлы эпостар жас ұрпақ санасында патриотизм қалыптастырып, үлкенге құрмет, кішіге ізет, әділетсіздікке қарсы күресуді, әлсізге қамқор болуды және де ең бастысы елін, жерін, халқын, ұлтын сүйуге тәрбиеледі.

Және де бұл империялардың қандай күшті болғанын бүткіл әлем біледі. Және де пантюркизм, деп совет халқын билеген тоталитарлық билік неден сақтанды, нендей жағдайлардан сақтанды? Қазірдің өзінде көшпенділер әлемінің, әлемге әкелген өркениет заттарын жоққа шығарушылар жетерлік. Осы қысқаша баяндалған өткен өткен күндер тізбегі, ұлтымыздың тарихы терең, елдігіміздің іргетасы ежелден қаланғанын көрсетеді.

Бабаларымыздың бастан кешкен тарих жолдарын санамызға, жүрегімізге бекітіп, ұрпақ санасына сіңірсек «Қазақтың осы кезеңге дейін мемлекеттігі болған жоқ» деген шовинистік арам пиғылды әлдекімдердің сандырағына тосқауыл болар еді.

* * * * *

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕСІН ЗЕРТТЕУ

ТУРГАНБАЕВА ЖАЙНАГУЛ БАРЛЫКОВНА

*Ақтөбе облысы Темір ауданы Кеңқияқ ауылы
"Зере" бөбекжай-балабақшасы. Психолог*

Балалар психологиясы өсіп, кемелденудегі адамның санасын, психикалық процестерін, іс-әрекеттерін, барша тұлғалық сапа-қасиеттері мен жедел даму шарттарының заң-заңдылықтарын зерттейді.

Психикалық процестер – психикалық іс-әрекет көріністерінің жиынтығы. Әрбір психикалық процес жалпы бейнелеу нысаны мен бір текті бейнелеу – реттеу ерекшелігіне ие. Мұндай процестер танымдық, еріктік және көңіл-күйлік болып ажыралады.

Танымдық процестер әрекет-қылықтың бағыт-бағдар негіздемесін қамтамасыз етеді және оның ақпараттық қорын қалыптастырады. Бейнелеу нысанына орай олар бес түрге бөлінеді. 1. Сезімдік (сенсорлы) процестер болмыстық жеке қасиеттерін (физикалық, химиялық, т.б.) бейнелейді. Бұл процестердің психикалық нәтижесі түйсік деп аталады. Сенсорлы процестер түр ерекшеліктерімен бір қатар жалпы психикалық заңдылықтарға жүгінеді: олар сезімталдықтың жоғары және төмен, айырма (дифференциалды) табалдырықтарымен шектелген, адаптация (бейімделу), сенсбилизация (сезімталдық), шұғыл йырма (контраст) және синестезия (қосарлы түйсік) заңдарына бағынады.

2. Қабылдау (перцептивті) процесі заттар мен құбылыстардың мәнді айырмашылық белгілерін саналы түсіну арқылы оларды біртұтас күйінде бейнелеу әрекеті. Бұл процестердің нәтижесін психологияда қабылдау деп атау қалыптасқан.

Перцептивті процестер өздерінің түр ерекшеліктерімен (көру, есіту және сезіну) бір қатар ортақ, жалпы заңдылықтарға тәуелді. Олар - қабылдаудың заттық тегі; таңдамалы бағыты; біртұтастығы; құрылымдығы;

апперцепциялылығы, яғни өткен тәжірибеге байланыстылығы;

константтығы, яғни заттық шынайы сана бейнесінің затты қабылдау шарттарына тәуелсіздігі.

3. Ақыл-ес (интеллектуал) процестері- бұл заттар мен құбылыстардың мәнді өзара байланыстары және ерекшеліктерін бейнелеу әрекеттері;

интеллектуал процестер (ойлау) болмысты салыстыру, бейнақтылау, сәйкестендіру, ауыстыру, сырттай заттастыра тану (экстраполяция), іштей ойда бейнелеу (интерполяция) жолдарымен бейнелеу қызметін атқарады; проблемді мәселелерді шешу барысындағы танымдық іс-әрекеттер мен ойлау әрекеттері және амалдар келесідей кезеңдерді өтуімен ажырылады: салыстыру, қорытындылау, дерексіздендіру, нақтылау, топтастыру және жүйелестіру; формальды нәтижелерге жету ерекшеліктеріне тәуелді ойлау формалары: пікір,

ұғым, түсінік-болып ажырылады.

Сонымен бірге ойлау: практикалық және теориялық, эмпирикалық және ғылыми, көрнекі-әрекеттік, көрнекі-бейнелі және бейнақты, стандартты және шығармашыл - түрлеріне де бөлінеді; ашық сана мен астар сананың өзара ықпалдасты қатынасынан сезімдік (көрегендік,

аян) ойлау қабілеті қалыптасады. Тек өкілінің ақыл-ес қабілеттерінің тұрақты құрылымы – интеллект деп аталады. Ол тұлғаның ақыл әрекеттері түрінде көрініп, проблемді мәселелерді

шешудің стратегиясын, ой қызметінің өнімді нәтижесін қамтамасыз етеді.

4. Қиял – іс-әрекеттің алда күтілген нәтижелері, әрекет-қылық бағдарламалары ретінде, сонымен бірге баяндап, суреттеу негізінде пайда болатын жаңа, бұрын соңды көрілмеген бейнелердің туындауы; қиял бейнелері ақпараттық олқылықтардың орнын толтырады; қиял оқиғалардың алдағы дамуы мен нәтижесін көрегендікпен сезуді қамтамасыз етеді.

5. Ес (мнемикалық) процестері - өткенде қабылданған материалды санаға түсіру, оның сақталуы, қайта жаңғыруы және ұмытылуымен бірге жүретін психикалық әрекеттер; естің келесідей жіктелуін аңғару қажет: ес түрлері (бейнелі, қисынды, дыбысты, көңіл-күй есі), ес жүйелері (сезімдік, қысқа мерзімді, нақты іс-әрекеттік, ұзақ мерзімді) және ес типтері (естің

бағдарлануына, оның кейбір түрлерінің беріктігімен, есте сақталу жылдамдығымен, көлемі мен жетекшілік рөліне байланысты жекеленген – типологиялық ес формалары - ырықты және ырықсыз ес – ажыралады.

Реттеуші психикалық процестер қатарына еріктік және көңіл-күй процестері еніп, саналы әрекет-қылық пен кенеттен болатын бейберекет (спонтанно-импульсивные) мінез-құлық қимыл-әрекеттерін қамтамасыз етеді.

6. Ерік – жоспарланған нәтиженің мәнін түсінуден адам белсенділігінің өзінен өзі іске қосылуына себепші психикалық процес. Ол белсенділік қарапайым және күрделі ерік әрекеттерімен көрініс беріп, орындалып жатады.

Қарапайым әрекет – бұл мақсат – әрекет – нәтиже бағасы араларындағы байланыстан белгілі болады, ал күрделі ерік әрекетінің құрылымы өзгеше:

қажеттік – ықтимал мақсат – сеп-түрткілер күресі – шешім қабылдау – орындау әрекеттері жүйесі – оларды бағалау және түзету – қорытынды әрекеттер – ақырғы нәтижелердің жинақты бағасы.

Ерік мәні қажетті нәтижеге жету жолындағы табандылықтан көрінеді. Көңіл шарпулары (эмоции) –сыртқы ықпалдардың қажеттілік мәнін, олардың тек өкілі тіршілігіне пайдасы мен зиянын сезу арқылы бейнелеуге негізделіп, адам қылығына бейберекет (импульсив) реттеу беруші психикалық процестер.

* * * * *

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАНЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗЫ

КАЗБЕКОВА АНАР АЙБОЛАТОВНА

*Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Кеңқияқ ауылы
"Зере" бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі*

Балабақшада балалардың дамуы мен денсаулығының жай-күйіне медициналық бақылау үнемі жүргізіледі, денсаулықты нығайту үшін алдын-алу шаралары жүргізіледі.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамытудың салауатты өмір салтын, тазалық пен дәлдікке деген қажеттілікті, мінез-құлық мәдениеті мен тәуелсіз моториканы қалыптастыруға көп көңіл бөледі. Балабақшадағы еңбек тәрбиесінің басты нысанасы- баланы сәбилік шағынан қарапайым еңбек дағдыларына баулу, еңбек туралы дұрыс көзқарас қалыптастыру. Балабақшадағы еңбек тәрбиелік- білімдік жұмыс жүйесін ұйымдастырудың амалы ретінде маңызды орын алады.

Бау- бақшада, гүлзарларда және табиғат мүйісінде үнемі жұмыс жасау өсімдіктер мен жануарларға деген ынта- ықыласты арттырады, балалардың табиғаттағы заттарды сүюіне және оларға ұқыпты қарауына көмектеседі, еңбексүйгіштік пен басқа да адамгершілік саналарының қалыптасуына ықпал етеді. Істелген істің мәнін, оның мақсатын жете түсінуі үшін балалардың қандай да болмасын бір тәсілді меңгеріп қана қоймай, оның неліктен керек екендігін де түсінгендері өте маңызды. Баланың жеке басының еңбекке бейім болып өсуі оны еңбек тәрбиесіне баулуға тікелей байланысты. Балабақшадағы дұрыс ойластырылған еңбектің орны ерекше, мұндай еңбек тәрбиесі барысында бала дұрыс әрекет жасап айналадағы орта жайында алғашқы мағлұматтар алады, айналадағының бәріне қызыға қарайды, еңбекті жақсы көруге әдеттенеді.

Балабақшаның ересектер тобында тұрмыстық- шаруашылық еңбек пен табиғат бұрышындағы өсімдіктер мен жануарларды күту, гүл, жеміс, көкөністерді өсіру, т.б. еңбек түрлері жатады.

Мұндай еңбек түрлері балалардың білім- құмарлық, бақылағыштық, табиғатқа жаңашырлық, ұйымшылдық сияқты адамгершілік қасиеттерін жетілдіреді. Табиғат аясындағы еңбек тәрбиесі баланың айнала қоршаған орта туралы талғамын дамытып, әдемілікке әуестендіріп, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырады, ақыл-ойын, қиялын ұштап, ересектер еңбегін бағалауға үйретеді. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің басты міндеті — адамгершілік қатынастарды тәрбиелеу. Бұл қатынастардың қалыптасуы үшін адамгершілік тәрбиесінің компоненттерін білу қажет. Бұл ең алдымен адамгершілік сананы, адамгершілік сезімдерді, адамгершілік мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін қалыптастыру.

Адамгершілік білім беру жүйесінде бұл компоненттер бірлікте әрекет етеді.

Тұлғаның адамгершілік және әлеуметтік дамуы іс-әрекетте жүреді, оның барысында балалар моральдық қатынастарға түседі. Қазірдің өзінде мектепке дейінгі жаста бұл қатынастар ересектердің белгілі бір ережелері, нұсқаулары мен талаптары негізінде құрылады. Адамгершілік тәрбие процесі, жоғарыда айтқанымыздай, баланың жеке басының әлеуметтік дамуынан тыс мүмкін емес.

Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік тәрбиесі баланың эмоционалды саласымен, оның 7 тәжірибесімен байланысты. Қайғы мен қуаныш, қуаныш пен ұяшақтық — мұның бәрі мектеп жасына дейінгі балаларға тән. Сондықтан балалардың адамгершілік тәрбиесі мен әлеуметтік дамуы әдебиеттерден, фильмдерден, қойылымдардан, қуыршақ театрын құрудан және т.б. жарқын мысалдарды қажет ететіні табиғи құбылыс.

Адамгершілік тәрбиесі әр түрлі ішараларда тиімді өтеді, өйткені бұл баланың мінез-құлық белгілері мен жеке қасиеттерін қалыптастыруда із қалдыратын іс-әрекетке қатысуы.

Тәрбиешінің мінез — құлқы, оның балаларға деген көзқарасы, оған қойылатын талаптар баланың жеке басын қалыптастырады және баланың жеке басының жалпы бағыты өте маңызды-ол жасампаз, белсенді тұлға немесе тұтынушы, өзіміз болып өсіп келе ме, өзі үшін мүмкіндігінше көп нәрсені алуға тырысады. Әр түрлі жастағы балалардың адамгершілік тәрбиесінің мазмұнын жоспарлай отырып, мұғалім балаларға қандай адамгершілік қасиеттерді тәрбиелейтінін, қандай құралдар мен әдістерді қолданатынын ойлайды.

Сонымен, мақсаттылықты тәрбиелеу кезінде мұғалім балаларды өз ісәрекетіне мақсат қоюға үйретеді, содан кейін балаларға осы мақсатқа қалай жетуге болатындығын айтады, тапсырманы орындаудың үлгісін береді, балалармен бірге мақсатқа жету жолдарын көрсетеді. Бірте-бірте балалар ойынның мақсатын, жұмыстың мақсатын өз бетінше қоюды үйренеді.

Мектеп жасына дейінгі балалар қарапайымдылықты тәрбиелейді, өйткені балалар көбінесе өздері мен ата-аналары туралы мақтанғанды, қиялдағанды ұнатады. Балаға өз мүмкіндіктерін, қызметінің нәтижелерін сыни тұрғыдан бағалауға көмектеседі, балаларды өзінің қадір-қасиетін дұрыс бағалауға үйретеді. Позитивті моральдық қасиеттерді қалыптастыру тәрбиешілердің мақсатты дәйекті жұмысының нәтижесі болып табылады. Бұрыннан бар жағымсыз қасиеттерді жену үшін көп шыдамдылық қажет. Баланың жаман мінез-құлқының себептері әртүрлі: баланың отбасындағы бүлінуі және, керісінше, оған назар аудармау; балаға шамадан тыс сүйіспеншілік, оның әр тілегін тез арада орындау және баланың үнемі жазалануы, талаптардың бірлігі мен реттілігінің болмауы. Баланың мінез-құлық нормасынан ауытқу себептерін анықтайды, онымен тәрбие жұмысының жолдарын анықтайды, мұндай баланың барлық жағымды көріністерін мұқият қадағалайды және мадақтау, көтермелеу, сенім жүйесін қолданады.

Осылайша, мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік тәрбиесі мен әлеуметтік дамуы көп қырлы процесс болып табылады және тәрбиешілер мен мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің барлық қызметкерлерінің оны жүзеге асыруға шығармашылық көзқарасын талап етеді. Ақыл-ой тәрбиесі-бұл ең алдымен мектеп жасына дейінгі балалардың белсенді ақыл-ой әрекетін дамыту. Мектеп жасына дейінгі балалардың тәрбие процесінің мазмұнына ақыл-ой тәрбиесі де кіреді. Ақыл-ой тәрбиесі міндеттерін іске асыруға дұрыс көзқарас қалыптастыру үшін баланың ақыл-ой дамуының заңдылықтарын терең білу қажет.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ақыл-ой дамуының барлық анықталған заңдылықтарының негізінде баланың жас ерекшелігінің әртүрлі кезеңдеріндегі ақыл-ой тәрбиесінің мазмұны мен әдістері анықталады. Толыққанды ақыл-ой тәрбиесі тек педагогикалық тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылған іс-әрекетте жүреді. Ақыл-ой тәрбиесінің мазмұны: зияткерлік дағдыларды, қиялды, қабылдауды, есте сақтауды, ойлауды, қызығушылықты және ақыл-ой қабілеттерін дамыту.

«Эмоциялар графигі» әдісін сабақта қолданудың тиімділігі сол, мұнда оқушылар төрт дағдыны қатар қамти отырып, шығарманы жан- жақты талдайды. Оқушылар шығармадағы ойды анықтап, эмоциялар графигін сызады.

Мәтіндегі ең құнды ойды анықтауды мақсат етіп, жеңілден күрделіге көшу сипатында белсенді оқу дағдыларымен «Маңыздылық аймағы» әдісі іске асады. Бұл әдістің тиімділігі- оқиға мәтінін шолып оқуға, ой елегінен өткізуге болады. Шеңберді толтыру барысында оқушылар ұсыныстар айта отырып, жаңа, тың идеялар қосады.

Өзіндік пікір қалыптастыруда «СМС» әдісінің маңызы зор. Бұл әдіс арқылы оқушылар тың мәліметтермен танысып, бір- бірімен қарым- қатынас орнатады, ойларын өмірмен байланыстырып түйіндейді.

Қазіргі таңда мемлекеттік тілді оқытуда белсенді әдістерді әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану – заман талабы. Тілді оқытып, үйретудің сапасын арттыру әр түрлі жағдайларға байланысты. Орыс топтарында оқытылатын қазақ тілі пәнінің түпкі мақсаты – оқушыларға қазақ тілін меңгерту, ойлау қабілеті мен сауаттылығын арттыру, қазақ тілінде сөйлеп, жаза білетін дәрежеге жеткізу, қазақ халқының әдет-ғұрпын, тарихын танып талаптандыру, тілін құрметтеуге тәрбиелеу, сонымен қатар Отанды, табиғатты, айналадағы құбылысты, тыныс – тіршілігімен жан-жақты терең таныстыру.

Қазақ тілі — әлемдегі алты мыңға жуық тілдердің ішіндегі қолдану өрісі жағынан жетпісінші, ал тіл байлығы мен көркемдігі, оралымдығы жағынан алғашқы ондықтар қатарындағы тіл. Сондай-ақ, ол дүние жүзіндегі ауызша және жазбаша тіл мәдениеті қалыптасқан алты жүз тілдің, мемлекеттік мәртебеге ие екі жүз тілдің қатарында тұр. Елбасы өз Жолдауында мемлекеттік тіл саласында жеткен жетістіктерімізге тоқтала келіп, «...бабалардың ерлігі, буындар бірлігі және жас ұрпақтың жасампаздығы арасында сабақтастық болса ғана мәңгілік ел боламыз. ...енді, ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар! Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды. Оны даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн» – деп тамаша айтты. Ана тілімізді – мәңгілік тіл ету өз қолымызда. Яғни, алдына қойған ұлы мақсаттары бар, ертеңіне сеніммен қарайтын, жастары алғыр, жаңалыққа жаны құмар, рухы биік ел ғана «мәңгілік ел» болып ғасырлар бойы жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы- 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 17.01.2014ж
2. Қ.Р тілдерді дамыту мен қолдаудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана 2011ж
3. Білім технологиялары №3 2014ж

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

ЕРЖАН АКЕРКЕ АЙБАРҚЫЗЫ

*Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі
Алматы облысы Райымбек ауданы*

*«Ш.Уалиханов атындағы орта мектеп мектепке
дейінгі шағын орталығымен» КММ*

Қазіргі әлемде шет тілін үйрену заманауи, табысты адам өміріндегі маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Шет тілін білу құптарлық қана емес, қажетті білім. Бүгінгі таңда шет тілін білгісі келетіндер көбейіп келеді, сәйкесінше шет тілін сапалы оқыту қажеттілігі туындауда.

Ағылшын тілі пәнінің басты міндеті – білімгерлердің тілдік қарым-қатынас жасай алу біліктілігін жетілдіру. Ағылшын тілі пәні мектепте білім, тәрбие берумен қатар жасөспірімдердің жеке бас қасиеттерін тұлға ретінде жетелдіруге қоғамдағы өз орнын табуға ерекше ықпал етеді.

Ағылшын тілін оқыту кезінде кез келген бір әдістемені қолдану әртүрлі шарттарға байланысты болып келеді. Ең басты шарттары: ағылшын тілін оқытудың алдына қойылатын мақсаты, оны оқып-үйренуге бөлінген уақыт, сағат саны жатады. Осы шарттардың ішінде аса маңызды роль атқаратын-оқыту мақсаты болып келеді. Бұл шарт қоғамның дамуы, оның басқа елдермен саяси, шаруашылық және тағы да басқа байланыстары шетел тілін оқытудың мақсаттарын анықтауға тікелей әсер етеді.

Белгілі ғалым Н.Д. Гальскованың айтуы бойынша, кіші сынып оқушылары шетел тілдерін меңгеруге өте бейім. Баланың имитациялық қабілеттері, табиғи қызығушылығы әрқашан жаңаны меңгеруге қолайлы жағдай жасайды.

Мотивация факторлары мыналар:

- Оқу мазмұнының әртүрлілігі;
- Оқушы мен оқытушы байланысының жанды интенсивті болуы;
- Оқытушы тұлғасы;

Қазақ әдебиетінің классигі, Ұлы Абай атамыз: «Шәкірттерің жақсы оқу үшін, оның оқуға деген ынтасы және қызығушылығы зор болу керек», - деген. Расында да, тек қана жігерлі, әр нәрсені үнемі білгісі келген, табандылығын, шыдамдылығын көрсеткен адам ғана өз мақсатына жетеді.

Ағылшын тілі мұғалімі оқушылардың тіліне деген қызығушылығын арттыру үшін тек қана оқулықты ғана емес, басқа да қосымша материалдарды газет, журналдардан, тіпті интернет көзінен де қолдануы тиіс. Оқушылар материалды толық және тез меңгеру үшін, мұғалім көп көрнекі құралдарды пайдаланып, сабақты дұрыс ұйымдастыра білуі керек. Оқушылардың ағылшын тілі сабағына деген қызығушылығын ояту үшін, мұғалім әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданғаны жөн, бірақ бұл әдіс-тәсілдер төмендегідей талаптарға сай болуы тиіс:

1. Әдіс-тәсілдер арқылы өзін-өзі еркін сезіну үшін жағымды атмосфера жасап, оқушы қызығушылығын ынталандыру керек, тілді практикада қолдануға деген қажеттілігін тудыру қажет.

2. Оқушы тұлғасын толығымен оқу процесіне тарту керек, оның эмоциялары, сезімдері оның қажеттіліктерімен байланысты болуы керек.

3. Оның тілдік шығармашылық қасиеттерін ынталандыру керек.

4. Оқушыны оқу процесінің басты тұлғасы ретінде белсенді етіп, басқа оқушылармен тығыз байланыстыру керек;

5. Оқушыға өз физиологиялық, интеллектуалдық, психологиялық ерекшеліктеріне байланысты өз бетімен жұмыс істей алуына көмектесу керек;

6. Түрлі жұмыс түрлерін жеке, жұппен, топпен, сыныппен және тағы басқа жұмыс түрлерін қолдану қажет.

Ағылшын тілін оқыту әдістері мыналар:

- | | |
|--------------------------------|---------------------------|
| § Логикалық ойлау; | § Физикалық сезіну әдісі; |
| § Грамматикалық-аударма әдісі; | § Рольдік ойындар; |
| § Сатылау; | § Мәдени қарым-қатынас; |
| § Тізбектеу әдісі; | § Жобалау әдісі; |
| § Үнсіздік әдісі; | § Проблемалық оқытуәдісі; |

§ Анализдеу;

§ Миға шабуыл;

§ Пікір алмастыру;

§ Интерактивті әдістер;

§ Түсіндіру;

§ Көрнекілік әдіс және т.б.

Практикалық әдіс және ақпараттық-коммуникативтік технология әдісі. Бұл оқыту әдістерінің ішінде бұрыннан қолданып келген әдістер және осы замандық жаңа әдістер қамтылған. Осы ағылшын тілін оқыту әдістерін салыстыра сипаттау аса маңызды. Себебі пайда болған әрбір жаңа әдістің артықшылығы мен кемшілігі болады. Оқытушының сабақ барысында қай әдісті таңдауы салыстырмалы сипаттауда аса маңызды. Себебі әдістердің түрлері сан алуан және де бұл әдістердің өзгешеліктерін білмей отырып оны таңдау мен қолдану қиынға соғады.

Ағылшын тілін оқыту әдістерінің ең алғашқы қолданылған әдісі-«Grammar-translational method» (грамматикалық-аударма әдісі) болды. Бұл әдістің негізі XVIII ғасырдың аяғында қаланып, XX ғасырдың ортасында іс жүзінде қолданыста болды. Ағылшын тілін меңгеру грамматика мен сөздікті меңгеру қажет болды. Сол үшін осы әдіс түрі қолданылды.

Бұл әдісте қандай да бір грамматикалық құрылым меңгеріліп, кейін сол тақырыптарға орай сөйлем мәтіндері жинақталады. Одан кейін сол сөйлемнің аудармасы қамтылады.

Қандай да бір әдіс түрі сияқты бұл әдістің де өзіне тән ерекшеліктері болды. Біріншіден, бұл әдіс грамматиканы жетік меңгеруге жол береді. Екіншіден, логикалық ойлау деңгейі жоғары азаматтарға ыңғайлы болды. Бұл тәсіл 50 жылдардың аяғына дейін үстемдік етіп келді. Себебі уақыт өзгере келе, қоғамда өзгереді. Сөйтіп заман ағымына сай сан алуан әдістер дүниеге келтірілді.

Атап айтатын болсам, 60 жылдары пайда болған «Silent way» (үнсіздік әдісі) әдісін атауымызға болады. Ағылшын тілін оқытуда бұл әдістің басты мақматы – тіл үйренушіге кедергі келтірмеу, әрі оған оқытушының көзқарасын араластырмау. Бұл әдіс бойынша оқытушы ешнәрсе айтпайды, бірақ ол оқыту барысында күрделі түрлі түсті таблицаларды қолданады. Бұл таблицалардағы белгілер мен түстер белгілі бір дыбысты таңбалап одан жаңа сөздер құралады. Мысалы ретінде «dog» сөзін айту үшін ең «d», кейін «o», сосын «g» дыбысының белгісі саналатын квадрат немесе түрлі таяқшалар көрсетіледі. Содан сөз құралады. Үнсіздік әдістің артықшылығы оқытушының тілді меңгеру сапасы, оқушының тілді меңгеру сапасына ықпал етпейді.

Келесі қарастыратын әдісіміз «Total-physical response» (физикалық сезіну әдісі) деп аталады.

Бұл әдіс оқыту барысында іс-қимылдар арқылы жүргізіледі. Оқушы алғашқыда білім алады, ағылшын сөздерін үнемі тыңдайды. Ал кейін оқығанын не тыңдағанын қимылмен сезінеді.

Оқушы физикалық қимылдарды білдіретін сөздер арқылы барлық сөздерді меңгеруге мүмкіндік алады. Мәселен «отыр» деген сөзді түсініп олар отырады. Одан кейін 70 жылдары пайда болған әдістің бірі- «Коммуникативтік әдіс» (қарым-қатынас әдісі). Оның ең басты мақсаты-әңгімелесушілердің сөздері түсінікті болуы үшін адам баласын бір-бірімен тілдік қарым-қатынас жасауға үйрету. Бұл әдіс түрі ағылшын тілін үйретуде ең жеңіл және қолайлы әдістің түрі болып табылады. Себебі коммуникативтік әдіс қазіргі таңда да жұмыс барысында жиі қолданылады.

Осы әдіс ағылшын тілін үйретудегі бірқатар үлгілі тәсілдердің үйлесімді көрінісі.

Ағылшын тілін үйретудегі келесісі – «Audio-Lingual method» (аудиолингвистикалық әдіс) әдісі. Аудиолингвистикалық әдіс 70 жылдардың аяғына қарай қолданысқа енді. Бұл әдісте оқушы магнитофоннан немесе оқытушының айтқан сөздерін тыңдап, кейін бірнеше рет қайталайды. Оқушы осы іс-әрекетте сөздердің, сөйлемдердің немесе тіркестің дұрыс айтылу жолдарымен және оны аз уақыт көлемінде жаттап алу, оны қарым-қатынас әдісінде қолдану шарттары бейімделе бастайды.

Ағылшын тілін үйретудің келесі әдісі – «Suggestopedia» (ойға шому) деп аталады. Бұл әдіс түрі 70 жылдары қолданысқа енді. Бұл әдіс түрі басқа әдіс – тәсілдерге қарағанда күрделірек болып келді. Себебі осы әдісті қолдана отырып оқушы қиялға беріледі. Бұл әдістің мән-мағынасы мынадай: оқушы ағылшын тілін үйрену кезеңінде өзін мүлдем басқа адам болып сезінеді. Ол өзіне жаңа есім таңдап, жаңа өмірбаян ойлап табады. Сөйтіп, оқушы өзін мүлдем бөгде әлемде – ағылшын әлемінде отырғандай күй кешеді. Бұл әрине оқушылар үшін қызықты және жұмбақ болып келеді. Осы әдісте қолданылған барлық тәсілдер оқушылардың оқып-үйрену процесінде оң әсерін тигізеді.

Ағылшын тілін меңгеруде сөздік қордың бай болуы да аса маңызды болып келеді.

Ағылшын тілі сабағында сөздік қорды дамыту жолдары мынадай әдіс-тәсілдерден тұрады. Олар: сөйлеу, әңгімелесу, сұрақ-жауап, аударма, түсінік, кітап-мәтінімен жұмыс әдіс-тәсілдері.

Оқушылардың сөздік қоры баю үшін оқытушы сабақ барысында кестелер, видеокассеталар, түрлі суреттер, көрнекі құралдарды қолдануы керек. Енді ағылшын тілін сөздік қорын дамытатын әдіс-тәсілдерге жеке-жеке тоқталайық.

Көрнекілік әдісі – ағылшын тілін үйретуде ең жиі және ең нәтижелі әдіс-тәсілі болып саналады. Себебі бұл әдіс барлық сабақ түрінде қолданылады. Көрнекілік әдісте әрине көрнекілік құралдар мен схемалар қолданылады. Олар бірнеше түстен кем болмауы керек. Бұл оқушылардың сабақ барысында қызығушылығын және сөздік қорларын дамытуда ең тиімді жолы болып табылады.

Түсіндіру әдісі – оқытушы сабақ барысында, оқыту үрдісінің бастамасы ретінде іске асырылатын әдіс. Бұл әдісте оқытушы жаңа сөзді, жаңа тақырыпты немесе сөйлемдерді түсіндіру үшін қолданылады.

Сұрақ – жауап әдісі – балалардың тілін дамыту үшін маңызды әдістің бірі. Бұл әдісте оқушылар коммуникативтік әдісте болады. Бір-бірілеріне сұрақ қойып, кейін сұрағына жауап алады. Кең көлемде қолданылатын әдіс түрі болып табылады.

Практикалық әдіс – оқушылар сабақ үйрену барысында түрлі ойын элементтері бойынша тіл үйрену іс-әрекеті болып табылады. Оқушының сөздік қорын молайтуда ойындардың ролі зор, себебі ойындар олардың сөйлеу машығын қалыптастыру үшін қажет.

Интерактивтік әдіс – сұхбат құруда оқушылардың белсенділігін арттырады. Бұл әдістің мақсаты – оқу процесінің барлық сатысында біріккен әрекетке жағдай жасау. Оқушылар және тапсырмалармен жұмыс істей отырып, топ мүшелерін де ойлауға үйренеді. Бұл әдісте әр оқушы өз міндетіне жауапкершілікпен қарай отырып, ортақ нәтижеге қол жеткізуге талпынады. Оқушылар бірігіп жұмыс істеуге үйренеді. Бұл әдісте оқушы сабақ барысында оқушыларға кеңесші, серіктес ролін атқарады.

Ағылшын тілі сабақ барысында компьютер оқытушыға оқушының өз бетінше жұмысын ұйымдастыруға жәрдем береді. Ол үшін ғалымдардың ұсынысы бойынша мынадай жаттығулар мен әдістемелік тәсілдер қолдану дұрыс:

1. Сұрақ-жауап диалогы.
2. Таңдамалы жауаптармен жүргізілетін тапсырма.
3. Еркін құралған сөйлемдерді стильдік түзету.
4. Толықтыруды керек ететін жаттығулар.
5. Сөздікті меңгеруден өзін-өзі бағалауға арналған жаттығулар.

Компьютерлік бағдарламалар уақыт өте келе жетіліп, қарқынды даму үстінде. Сөйтіп біз бүгінде әлемдік интернет жүйесі арқылы ақпарат алып қана қоймай, білім алудың жаңа түрі аралықтан оқыту әдісі пайда болды. Бұл оқыту әдісінде мультимедиялық технологияның көмегімен бейне, мәтін, графика арқылы оқу курсының материалдары жасалады.

Ағылшын тілін үйрету барысында ескертетін жайттар:

1. Ағылшын тілін оқытуды жүйелі түрде жүргізу.
2. Үйрету күнделікті өмірде жиі қолданылатын контекстерден басталады.
3. Тапсырманы оқушының қабілетіне қарай беру.
4. Оқу материалдарын шындыққа сай етіп алу.
5. Үйрену – қарапайымнан күрделіге қарай ұстанымы арқылы жүзеге асады.

Адамзат баласының өз ұрпағын оқыту мен тәрбиелеудегі ең озық, тиімді әдістерін тәжірибелерін жалғастырып тың жаңалықтар іздеу, классикалық педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамыту қашанда жалғаса бермек. Қазіргі таңда жеке тұлғаны қалыптастыру оқушының өзі арқылы, оның іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы ойлау дағдыларын дамыта отырып жүзеге асырылады. Білім – жолы қиында қастерлі жол. Болашақ жастарды оқыту, тәрбие беру, қазіргі өмір ағысына бейімдеу ұстаз алдында тұрған ең басты міндет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ағылшын тілі пәнін мектепте оқыту мен оған педагогтар даярлаудағы сабақтастық: «Қазіргі таңдағы ғылым мен білім» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. Шымкент, 2005. Б.136-138.
2. Мұсырманова О. Жастар руханияты, құндылықтары және тәрбиесі // Т.: «Үкітші», 2000.
3. Педагогикалық қолдану сөздігі / ред. Л.М. Лузина. Псков, 20

АРТЫКОВА ЕЛМИРА ОМАРКОЖАЕВНА

Алматы облысы, Талғар ауданы

Облыстық санаториялық үлгідегі мектеп-интернат тәрбиешісі

Күні:	
Сыныбы:	3«б»
Тақырыбы:	Отбасым-бақыт мекенім.
Өткізген:	Артыкова Е.О
Мақсаты:	Ата-анамен бала арасындағы жақсы қарым-қатынасты орнату Сенімді,сыйластықты отбасы құндылықтарын сақтауды нығайту

Барысы:

Уақыты		Тәрбиешінің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
2 мин	Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Амандасу,оқушылардың назарын аудару. Оқушы белсенділігін арттыру мақсатында «Шаттық шеңбері» ойыны	Оқушылар тәрбиешінің нұсқауы бойынша қимылдайды.Сол арқылы ойларын жинақтайды
2мин		Топқа бірігу	Оқушыларды ата-аналарымен бірге топтастыру
5мин	I.Таныстыру (Әке,Ана,Бала таныстыру)	Сұрақ-жауап	Топ атын қорғайды
5мин	II.Шардағы сұрақтарға жауап беру	Үш топқа үш-үштен сұрақ беріледі.	Балалар ақылдаса отырып дұрыс жауап береді.
5 мин	III.Жанұядағы жағдаят	Жағдаяттарды оқып береді.	Оқушылар жауабы.
10мин	IV.«Мақалды жалғастыр»	Нақыл сөздің жалғасын тауып,мағынасын ашу,өз пікірлерін сұрау	Оқушылар нақыл сөздің жалғасын тауып,өз пікірлерін қосады.
5мин	Ән «Ана туралы жыр»		Ән айтады
3мин	Қорытынды.	Отбасының ордасын, Періштелер қорғасын Тілек әрбір отауға Тәңірің жақсылық жолдасын! Жанұя туралы алған түсініктерін кеңейту, отбасы құндылықтарын сақтау	Отбасының адам өмірінде алатын орны туралы ой түйіндеу
2 мин.	Рефлексия	Парақша таратылып беріледі.	Алған әсерлерін жазып, жүрекшеге салып жинап береді

ШОРМАКОВ МАДИЯР ДОСМУКАМЕТОВИЧ

Тарих пәнінің мұғалімі

Алматы облысы. Ұйғыр ауданы білім бөлімі

«М. Таипов атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ

Білім беретін мекеме атауы	«М. Таипов атындағы орта мектебі» мектепке дейінгі шағын орталығымен» Коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Бөлім:	5.4 Сарматтар
Педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда)	Шормаков Мадияр Досмукаметович
Күні:	14.11.2022 жыл
Сынып:5	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Сарматтардың қоғамдық құрылысы мен шаруашылық өмірі. Зерттеу сұрақтары: Сармат қоғамы несімен ерекшеленеді?
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау; 5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау;
*Тарихи ойлау дағдысы *Тарихи концепт	Тарихи талдау мен түсіндіру Ұқсастық пен айырмашылық.
Ойлау дағдысы	Білу, түсіну, қолдану
Сабақтың мақсаты	Сарматтардың археологиялық ескерткіштерді сипаттау; Сарматтардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау;

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
<p>Ұйымдас-тыру</p> <p>Өткен білімді еске түсіру 7 минут</p>	<p>Сәлемдесу.</p> <p>Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.</p> <p>Оқушыларды тақырып мазмұны бойынша төрт топқа бөлу</p> <p>«Серпілген сауалдар» әдісі арқылы арқылы өткен тақырыпқа пысықтау жүргізеді.</p> <p>- Ежелгі авторлар Аттилаға қандай баға береді?</p> <p>-: Ғұндардың Батысқа қоныстануы қандай өзгерістерге әкелді?</p> <p>ЕББҚ: Сөйлеу кемістігі бар оқушы</p>	<p>Оқушылар өткен тақырыпқа байланысты сұрақтарға жауап береді</p> <p>Оқушылар өз ойларын ортаға салады.</p> <p>Сөйлеу кемістігі бар оқушы барлық оқушылармен бірге жұмыс істейді.</p>	<p>ҚБ(қалыптастырушы бағалау)</p> <p>Дескриптор: Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтайды;</p>	<p>Сарматтардың қоғамдық құрылысы мен шаруашылық өмірін сипаттайтын суреттер, слайдтар.</p>

<p>Жаңа тақырыпқа қадам 3 минут</p>	<p>туралы жазбаша түрде орындайды. «Ой салу» әдісі арқылы оқушылардың назарына жылқы суреттері ұсынылады. Келесі сұрақтар төңірегінде сұрақтарға жауап береді: -Балалар бұл суреттерден нені көре аламыз? -Балалар бүгінгі сабақтың тақырыбы қандай болуы мүмкін? Оқушылардың жауаптары арқылы сабақтың тақырыбына шығу. Оқушыларды сабақтың тақырыбымен, оқу мақсаттарымен және бағалау критерийлерімен таныстыру.</p>		<p>Дескриптор: 1. Суретке қарап жылқының маңызын атайды;</p> <p>ҚБ(қалыптастырушы бағалау)</p>	
<p>Сабақтың ортасы Жаңа білім 5 минут</p> <p>10 минут</p>	<p>1. «Сарматтардың қоғамдық құрылысы мен шаруашылық өмірі» тақырыбына байланысты бейнебаян көрсетеді. Мұғалім көрсетілген бейнебаян бойынша оқушыларға «Серпілген сауалдар» әдісі арқылы сұрақтарға жауап беруді ұсынады. -Сарматтардың археологиялық ескерткіштерінің ерекшеліктері қандай? - Сармат тайпаларының қолданбалы өнер ерекшеліктерін ата ЕББҚ: Сөйлеу кемістігі бар оқушы бәрімен бірге сармат тайпаларының қолданбалы өнер ерекшелігімен танысады</p>	<p>Оқушылар бейнебаян көреді, бейнебаян бойынша берілген сұрақтарға жауап береді, оқушылар бір-бірінің жауаптарын тыңдап, толықтырады.</p> <p>Сөйлеу кемістігі бар оқушы барлық оқушылармен бірге фронтальді жұмыс істейді .</p>	<p>Бейнебаяннан Сарматтардың қоғамдық құрылысы мен шаруашылық өмірінің ерекшеліктері тақырыбы бойынша деректерді көреді.</p> <p>Дескриптор: 1. Сарматтардың археологиялық ескерткіштерінің ерекшеліктері атайды; 2. Сармат тайпаларының қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттайды; ҚБ(қалыптастырушы бағалау)</p> <p>Дескриптор: 1. Сарматтардың археологиялық ескерткіштерді туралы ақпаратты анықтайды;</p>	<p>Тақырыптық бейнеролик https://www.youtube.com/watch?v=NvpRp4IQjlg</p> <p>Қазақстан тарихы 5 сынып Жалпы білім беретін мектептің 5 сыныбына арналған оқулық</p>

5 минут	<p>Зерттеу мен талдау Тапсырма №1</p> <p>«Түсін,талда,жеткіз» әдісі</p> <p>1-топ:Сарматтардың археологиялық ескерткіштерді сипаттау; 2-топ:Сарматтардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау; 3-топ:Сарматтардың картада орналасуын көрсету; 4-топ:Сарматтардағы әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру</p> <p>«Түсін,талда,жеткіз» әдісі арқылы түсінік қалыптастырады</p> <p>ЕББҚ: Сөйлеу кемістігі бар оқушыға суреттерді жазбаша сипаттайды</p>		<p>Оқушылар сарматтар туралы ақпараттармен жұмыс жасайды. Сөйлеу кемістігі бар оқушыға тапсырма шығарылып беріледі.</p>	<p>2. Сарматтардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттайды; 3. Сарматтардың картада орналасуын көрсетеді 4. Сарматтардағы әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін анықтайды; Мұғалімнің кері байланысы Дескриптор: 1. археологиялық ерекшеліктері 1-ші ерекшелігін сипаттама жазады; 2. археологиялық ерекшеліктері 2-ші ерекшелігін сипаттама жазады; 3 қолданбалы өнер 1-ші ерекшелігін сипаттама жазады 4. қолданбалы өнер 2-ші ерекшелігін сипаттама жазады 5. әлеуметтік топтардың 1-ші ерекшелігін сипаттама жазады 6. әлеуметтік топтардың 2-ші ерекшелігін сипаттама жазады</p>	<p>Суреттер, слайдтар Оқулық, Қазақстан тарихы 5 сынып, Б.Е Көмеков, К.С.Игілікова Алматы «Атамұра» 2017 жыл</p>					
	10 минут	<p>Тапсырма №2</p> <p>Түсіндірме бойынша</p> <p>Сарматтардың қоғамдық құрылысы мен шаруашылық өміріндегі ерекшеліктерді жазады.</p>	<p>Оқушылар сарматтардың қоғамдық құрылысы мен шаруашылық өмірі түсіндіреді, өз ойларын жазады.</p>	<p>1-ші ерекшелігін сипаттама жазады 2-ші ерекшелігін сипаттама жазады 3 қолданбалы өнер 1-ші ерекшелігін сипаттама жазады 4. қолданбалы өнер 2-ші ерекшелігін сипаттама жазады 5. әлеуметтік топтардың 1-ші ерекшелігін сипаттама жазады 6. әлеуметтік топтардың 2-ші ерекшелігін сипаттама жазады</p> <p>ЕБҚ: Сөйлеу кемістігі бар оқушыға дұрыс жауаптарды кестеге жазып отырады</p> <p>Дескриптор: -1-ақпараттың ақиқат/жалған екендігін анықтайды; -2-ақпараттың ақиқат/жалған екендігін анықтайды; -3-ақпараттың ақиқат/жалған екендігін анықтайды; -4-ақпараттың ақиқат/жалған екендігін анықтайды;</p>	<p>«Түсініктеме күнделігі»-кесте</p> <p>Таратпа материалдар</p>					
	<table border="1"> <tr> <td>Археологиялық ерекшеліктері</td> <td>қолданбалы өнер ерекшеліктерін</td> </tr> <tr> <td>1.</td> <td>1.</td> </tr> <tr> <td>2.</td> <td>2.</td> </tr> </table>	Археологиялық ерекшеліктері	қолданбалы өнер ерекшеліктерін	1.	1.	2.	2.	<p>Сөйлеу кемістігі бар оқушыға жеке жұмыс кезінде қасындағы сыныптастары және мұғалім диалог арқылы қолдау жасайды</p>		<p>«Ақиқат/жалған» кестесі</p>
Археологиялық ерекшеліктері	қолданбалы өнер ерекшеліктерін									
1.	1.									
2.	2.									
	<p>ЕББҚ: Сөйлеу кемістігі бар оқушыға тапсырма жазбаша түрде беріледі.</p> <p>Тапсырма №3</p> <p>«Ақиқат/жалған»-жеке жұмыс</p>									

	<p>Сарматтардың қоғамдық құрылысы мен шаруашылық өміріне қатысты ақпараттардың «ақиқат» не «жалған» екендігін анықтайды</p>		<p>-5-ақпараттың ақиқат/жалған екендігін анықтайды;</p>			
	<p>Тұжырым</p>	<p>Ақиқат</p>	<p>Жалған</p>			
			<p>+</p>			
		<p>+</p>				
			<p>+</p>			
		<p>+</p>				
		<p>+</p>				
	<p>ЕБҚ: Сөйлеу кемістігі бар оқушыға жеке жұмыс кезінде қасындағы сыныптастарынан және мұғалімнің көмегімен қолдау көрсетіледі.</p>					
<p>Сабақтың соңы 5 минут</p>	<p>«Бірге ойлаймыз» әдісі бойынша оқушыларға қорытынды сұрақ:</p> <p>Кері байланыс «Бағдаршам» әдісі -Мен барлығын түсіндім-жасыл -Мен орташа түсіндім-сары -Ешнәрсе түсінбедім-қызыл</p>	<p>Оқушы тақырып бойынша не ұнағанын, не қиын болғанын, не түсініксіз болғанын жазады.</p>	<p>Оқушылар бағалау жүйесі арқылы өз бағаларымен танысады.</p> <p>Сөйлеу кемістігі бар оқушыға бағалау парағы шығарылып беріледі.</p>	<p>Презентация</p>		
<p>Үй тапсырмасы</p>	<p>«Сарматтардың қоғамдық құрылысы мен шаруашылық өмірі» тақырыбына ауызша хабарлама жасау. (Сөйлеуде кемістігі бар оқушыға жазбаша деректер дайындап келу тапсырылады)</p>					


ЖАНУЗАКОВА ЛАУРА АБДИКАДЫРОВНА

Бастауыш сынып мұғалімі

Алматы облысы. Ұйғыр ауданы білім бөлімі


«М. Таипов атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ



Қазақ тілі 18-сабақ

Білім беретін мекеме атауы	«М. Таипов атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі		
Бөлім	Өнер		
Педагогтің аты-жөні	Жанузакова Лаура Абдикадыровна		
Күні:	07.02.2023ж		
Сынып: 3	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	Мазмұндама «Ұста дүкені»		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	3.2.4.1 өз бетінше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтау; 3.1.4.1 тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау;		
Сабақтың мақсаты	Өз бетінше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтайды. Тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрайды.		
Сабақтың барысы			
Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау
Сабақтың басы 8 мин	Ұйымдастыру кезеңі Ән саламыз күнде біз Шаттық толы іргеміз Біз мәңгіге достармыз Біз мәңгіге біргеміз Өткен тақырыпқа шолу, жаңа тақырыпты ашу: Оқу тапсырмасын тексеру 2 тапсырма 39 бет Сабақ тақырыбын жариялау «Мюссенберг» әдісі арқылы жүреді: Берілген әріптер арасынан мағыналы сөздерді тауып, тақырыпты шығарыңдар. разлиашәмазмұндаматқөпывыұстаыке аозтдүкеніпиггнушә	Өлең шумақтарын қайталайды Мәтін бөліктерінің атауын толықтырады	«Басбармақ» әдісі 

	<p>-Қандай сөз шықты? -Ұста деген кім?</p> <p>- Олай болса, бүгінгі сабағымызда «Ұста дүкені» атты мазмұндама жазамыз. Сабақ мақсатын жариялаймын</p>	<p>Сұрақтарға жауап беріңіз</p>	
<p>Жаңа білім 30 мин</p>	<p>(ҰЖ) Мазмұндама Мәтінді тыңдау Жоспар</p> <ul style="list-style-type: none"> • Біздің ауыл - Қостөбе. • Ұста дүкені. • Өкембай ұста не істейді? <p style="text-align: center;">Ұста дүкені <i>Біздің ауылымыз Қостөбе деп аталады. Ауылда отыз-қырық үй бар. Ауылдың ортасында бір үй бар. Бұл үй - ұста дүкені. Ұста дүкені әңгіме-дүкен құруға, демалуға жақсы. Мұнда арқашан маздап от жанады. Дүкенінде Өкембай ұста қыздарға, келіншектерге алқа, сақина, білезік, белдік, шолпы, жүзік, сөлкебай жасап береді. Ал бозбалаларға бәкі жасап береді.</i></p> <p style="text-align: center;">Өкембай - еңбекқор және өте көңілді адам. Оның дүкеніне балалар жиі келетін. (61 сөз) Б. Соқпақбаев</p>	<p>Мәтінді тыңдайды</p> <p>Жоспар құрады</p> <p>Мазмұндама жазады</p>	<p>Дескриптор: - мәтінді тыңдайды- 1 балл - мазмұнын айтады- 1 балл -жоспар құрады 1 балл - сөз тіркесін пайдаланады 1 балл - сөйлем құрайды 1 балл - сөйлемді байланыстырады 1 балл - ойын тиянақты жеткізеді 1 балл - тілдік нормаларды сақтайды -1 балл - жазу каллиграфиясын сақтайды-1 балл - қатесіз, мағынасын өзгертпей жазады 1 балл</p> <p>ЕБҚ: Ұста сөзіне сөйлем құрайды- 1балл ЕҚБ: Ұста сөзіне дыбыстық талдау жасайды-1балл</p>
<p>2 мин</p>	<p>Сергіту сәті: Жалғыз саусақ тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті, Ине қолға ілікті. Үш саусағым орамды, Жүгіртеді қаламды. Өнерлі екен он саусақ, Қала салсақ, жол салсақ.</p> <p>ЕБҚ: Ұста сөзіне сөйлем құра. ЕҚБ: Ұста сөзіне дыбыстық талдау жаса.</p>	<p>қимыл-қозғалыс арқылы көрсетеді</p>	
<p>Кері байланыс 5 мин</p>	<p>Кері байланыс «Білім ағашы»</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қандай зергерлік бұйымдарды білесіңдер? <p>Оқу тапсырмасы: анықтамаларды қайталап жаттау.</p>	<p>Стикерге жазып білім ағашына іледі</p>	<p>Өзін –өзі бағалау</p>

АХМЕТЖАНОВА АЙЗАДА КАНАЙБЕКОВНА
География пәнінің мұғалімі
 Алматы облысы. Ұйғыр ауданы білім бөлімі
 «М. Таипов атындағы орта мектебі мектепке дейінгі
 шағын орталығымен» КММ

Білім беретін мекеме атауы	«М. Таипов атындағы орта мектебі» мектепке дейінгі шағын орталығымен» Коммуналдық мемлекеттік мекемесі_		
Бөлім:	4. Әлеуметтік география 4.1 Халық географиясы		
Педагогтің аты-жөні:	Ахметжанова Айзада Канайбековна		
Күні:	16.02.22ж		
Сыныбы: 8 «А»	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:	Демографиялық көрсеткіштер мен демографиялық жағдай		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	8.4.1.4- елдердің демографиялық көрсеткіштерін графикалық түрде ұсынып, түсіндіреді		
Сабақтың мақсаты:	Білім алушылар елдердің демографиялық көрсеткіштерін графикалық түрде ұсынып, талдайды		
Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту 1 минут	Ұйымдастыру кезеңі: 1. Оқушылармен амандасу, сабаққа даярлықтарына назар аудару. 2. Психологиялық ахуал туғызу «Бір минут» әдісі арқылы Таңертен төрт аяқты Күндіз екі аяқты Кешке үш аяқты (адамның балалық, есейген, қартайған шағы)		
Жаңа сабаққа кіріспе 4 минут	 <p>Слайда бейнеленген суреттер мен жұмбақтың жауабын байланыстырып сабақтың тақырыбын ашады. «Графиктегі сұрақтар» әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Халықтың табиғи қозғалыс дегеніміз не? 2. 	Оқушылар слайдта бейнеленген суреттерге қарап бүгінгі сабақтың тақырыбын ашады.	Қ/Б: мұғалімнің ауызша мадақтауы

	<p>Ішкі көші –қонның себептері қандай? 3. Халықаралық көші –қонның себептері 4. Бала туылу коэффициентін қалай есептейміз 5. Демография дегеніміз не?</p>																																			
<p>Сабақтың ортасы Мағынаны ашу.</p> <p>10 минут</p>	<p>1- тапсырма. «Жұптас, бөліс» әдісі. 3түрлі кесте беріледі. Кестеде берілген демографиялық көрсеткіштерді графикалық түрде ұсынып, түсіндіріңіз</p> <table border="1"> <thead> <tr> <th>Жасы</th> <th>Ерлер</th> <th>Әйелдер</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>0-6</td> <td>32 245</td> <td>33487</td> </tr> <tr> <td>7-13</td> <td>36254</td> <td>35789</td> </tr> <tr> <td>14-20</td> <td>39581</td> <td>38912</td> </tr> <tr> <td>21-27</td> <td>38258</td> <td>40589</td> </tr> <tr> <td>28-34</td> <td>44501</td> <td>42025</td> </tr> <tr> <td>35-41</td> <td>48048</td> <td>46432</td> </tr> <tr> <td>42-48</td> <td>50785</td> <td>51986</td> </tr> <tr> <td>49-55</td> <td>52256</td> <td>53598</td> </tr> <tr> <td>56-62</td> <td>58259</td> <td>57858</td> </tr> <tr> <td>63-70</td> <td>65128</td> <td>67012</td> </tr> </tbody> </table> <p>Дескриптор</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жас- жыныстық пирамиданы тұрғызады • Пирамиданың қай түріне жататынын анықтайды • Бұл графиктің қандай елдерге тән екенін айтады, картадан көрсетеді 	Жасы	Ерлер	Әйелдер	0-6	32 245	33487	7-13	36254	35789	14-20	39581	38912	21-27	38258	40589	28-34	44501	42025	35-41	48048	46432	42-48	50785	51986	49-55	52256	53598	56-62	58259	57858	63-70	65128	67012	<p>Әр жұп өздері қалаған кестенің бірін таңдап, берілген мәлімет бойынша жас-жыныстық пирамиданы ұсынады, талдайды</p>	<p>Қ/Б: стикер </p>
Жасы	Ерлер	Әйелдер																																		
0-6	32 245	33487																																		
7-13	36254	35789																																		
14-20	39581	38912																																		
21-27	38258	40589																																		
28-34	44501	42025																																		
35-41	48048	46432																																		
42-48	50785	51986																																		
49-55	52256	53598																																		
56-62	58259	57858																																		
63-70	65128	67012																																		
<p>7 минут</p>	<p>2-тапсырма. Топтық жұмыс. Оқулықта берілген 2 кестені пайдаланып Microsoft Excel бағдарламасында адамзат баласының барлық даму кезеңдерінде Жер бетіндегі халық саны өзгерісінің графигін құрастырыңыздар және күрт өзгеруінің себептерін түсіндіріңіздер</p>	<p>Microsoft Excel бағдарламасында Жер бетіндегі халық санының өзгеу графигін құрастырып күрт өзгеру себептерін түсіндіреді</p>	<p>Қ/Б: стикер </p>																																	
<p>5 минут</p>	<p>3-тапсырма. Топтық жұмыс «Ойлан, бөліс, талда» әдісі Қазакстанның негізгі демографиялық көрсеткіштері негізінде қысқа мәтін беріледі. Мәтінді пайдаланып әр топ 2 сұрақтан құрастырады, құрастырылған сұрақтардың жауабын келесі топ шешеді</p>	<p>Мәтінмен танысып әр топ 2 сұрақтан құрастырады, құрастырылған сұрақтардың жауабын келесі топ шешеді</p>	<p>Қ/Б: топтар бір-бірін бағалайды</p>																																	
<p>10 минут</p>	<p>2017жылы елімізде 17 918 214 адам болды. 2018 жылдың басындағы жағдай бойынша Қазакстан халқының саны – 18 157 337 адам. 2017 жылы 390 262 бала туылып, 129 009 адам қайтыс болды.</p>																																			

	Ішкі көші-қонда жаңа орынға 946 415 адам көшіп келсе, 968 545 адам көшіп кетті. Сыртқы көші – қонда елімізге 15 595 адам келіп, 37 725 адам шегарадан тыс кетті		
<p>Сабақтың соңы Қорытынды</p> <p>5 минут</p>	<p>Білімді бекіту: 4- тапсырма «Кім жүйрік» әдісі арқылы «socrative» платформасында тест тапсырмаларын орындайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жас-жыныстық пирамиданың неше типі бар? • Халық санында балалар саны басым болып, қарттар саны өте төмен болатын жас-жыныстық пирамиданың типін анықтаңыз • Халық санында қарттар саны басым болып, балалар үлесі төмен болатын жас-жыныстық пирамида кері кетуші яғни регрессивті типке жатады • Суретте бейнеленген жас-жыныстық пирамиданың типін анықтаныз • Жас-жыныстық пирамидас - екі жақты жолақты диаграмма.Ордината (y) осі бойынша халықтың белгілі бір жастағы адамдар саны, ал абсцисса (x) осі бойынша еркін масштабта жас ерекшелігі тобының шәкілі көрсетіледі <p>«2 жұмсақ 1 қатты » әдісі</p> <ul style="list-style-type: none"> • Мен ... түсіндім,білдім • Маған ерекше ұнағаны... • ...қиындық тудырды 	Сабақты жинақтауға сай берілген түсініктерді дамыту арқылы тапсырманы орындау барысында ой өрісін жетілдіру арқылы бәсекелеседі	Қ/Б: өзін-өзі бағалайды
3 минут			

УМАРОВА АЙНУР КОШКУМБАЙЕВНА

Биология пәнінің мұғалімі

Алматы облысы. Ұйғыр ауданы білім бөлімі

«М. Таипов атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ

Білім беру ұйымының атауы	«М. Таипов атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Бөлім:	Өсімдіктер
Педагогтің Т.А.Ә.	Умарова Айнур Кошқумбаевна
Күні:	20.02.2023ж
Сынып: 9	Қатысушылар саны: 11
Сабақтың тақырыбы	Өнімділікті арттыратын заманауи ауыл шаруашылық технологиялары. Өнімділігі жоғары ауыл шаруашылықты жүргізудің жаңа баламалы жолдары.
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	9.2.4.11 мәдени өсімдіктердің өнімділігін арттыру үшін заманауи ауылшаруашылық технологияларды қолданылуын зерттеу
Сабақтың мақсаты	мәдени өсімдіктердің өнімділігін арттыру үшін заманауи ауылшаруашылық технологияларды қолданылуын түрлерін біледі.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>Ұйымдастыру кезеңі</p> <p>Оқушылармен амандасу.</p> <p>Сыныпты түгендеу. Сыныпта психологиялық ахуал тудыру.</p> <p>Үй тапсырмасын сұрау.</p> <p>1. Адам генетикасының зерттелу әдістерін ата?</p> <p>2. Генеологиялық шежіре дегеніміз не?</p> <p>3. Медициналық генетика нені зерттейді?</p> <p>4. Цитогенетикалық әдістің дамуына үлес қосқан ғалымдар мен олардың еңбектерін ата?</p> <p>5. Тұқым қуалайтын ауруларды ата?</p>	<p>Өткенді қайталау мақсатында сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>Қалыптастырушы бағалау</p>	<p>Суреттер, плакаттар</p>

<p>Сабактың ортасы</p>	<p>«Миға шабуыл» әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау.</p> <p>1. Гені түрлендірілген ағзалар дегеніміз не? Бұл молекула не үшін керек? Ол қандай болады?</p> <p>2. Гендік инженерия дегеніміз не?</p> <p>3. Модификация ұғымдарына сипаттама беріңдер.</p> <p>Жұптық жұмыс. Терминдерге анықтама бер. Гетерозис- Бағытты мутагенез- Жасанды мутагенез- Полиплоидия- Гендік инженерия-</p> <p>Топтық жұмыс. Жарнама әдісі. <u>1-топ:</u> Неге бағытталған мутагенез көбінесе микроағзалар селекциясында, ал өсімдіктерде сирек, жануарларда өте сирек қолданылатынын түсіндіру <u>2-топ:</u> Селекциядағы жаңа әдістер мен оларды қолдану болашағы арасындағы байланысты анықтау <u>3-топ:</u> Г.Д.Карпеченко қалай тұраралық шағылыстыруды жүзеге асырғанын сипаттау.</p>	<p>Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау және дене жаттығуларын жасағаннан кейін мұғалім оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсатымен таныстырады.</p> <p>Оқушылар терминдерді тауып, дәптерге жазады.</p> <p>Оқушылар топтарда тапсрмаларды талқылап, ортада постер қорғайды</p>	<p>Тапсырма дескрипторы: Бағытты мутагенездің қолданылуын түсіндіреді. Селекциядағы жаңа әдістерді анықтайды. Г.Д.Карпеченко қалай тұраралық шағылыстыруды жүзеге асырғанын сипаттайды.</p>	
<p>Сабактың соңы</p>	<p>Оқушылар рефлексия жүргізеді:</p> <p>1. Мен енді білемін</p> <p>2. Маған ұнағаны</p> <p>3. Менің түсінбей қалғаным</p> <p>4. Мен жақсы түсіндім</p> <p>1) Менің келесі сабақта білгім келетіні</p>	<p>Оқушылар рефлексия жүргізеді</p>	<p>Өзін – өзі бағалау</p>	



ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА «КӨРКЕМ ЕҢБЕК» ПӘНІ АРҚЫЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ЗИКИРЯЕВ БАКБЕРГЕН ЖАНАДИЛОВИЧ

Алматы облысы, Райысбек ауданы “Ш.Уалиханов атындағы орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталығымен” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің көркем еңбек пән мұғалімі

Қоғамдағы ақпараттық инновациялар, жаһандық үрдістер, еңбек нарығындағы жоғары сұраныстар, білім кеңістігіндегі бәсекелестік креативті ойлайтын, жаңаша шешім қабылдайтын, шығармашыл тұлғаны қалыптастыруды талап етеді. Бүгінгі білім беру парадигмасы өзгерді, «өмір бойы білім алу» моделі тұлғаның іс-әрекеті мен өмірлік ұстанымын жаңаша қабылдауға мүмкіндік туғызды. Білім мазмұнының жаңаруы, жаңа реформаның жүзеге асуы тұлғаның дамуы мен қалыптасу факторына ерекше әсер етуде. Сондықтан да мектептің алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі-әр адамның табиғи бейімділіктері мен құндылық бағдарларын ескере отырып, өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі өзектендіруге мүмкіндігі бар шығармашыл тұлғаны қалыптастыру.

Шығармашыл тұлғаны қалыптастыру күрделі әрі көпфакторлы процесс. Философия ғалымдарының пікірінше, шығармашылық танымдық іс-әрекеттің ең жоғары формасы болып табылады, оның барысында объективті материалдық және рухани құндылықтар жасалады.

Шығармашылық ұғымы ғалымдардың зерттеулерінде әртүрлі аспектіде қарастырыла бастады. Оның әдіснамалық деңгейі педагогика ғылымында С.Лысенкованың, В.Шаталовтың, Ш.Амоношвилидің еңбектерінде терең зерттелді. Олардың тұжырымы бойынша, жеке тұлғаның толыққанды дамуына іс-әрекеттің екі түрі әсер етеді: оқу және шығармашылық.

С.И.Ожеговтың сөздігінде: «Шығармашылық- мәдени және материалдық құндылықтарды, жаңа идеяларды құрастырудың жоғары формасы»- деп айтылған болатын[2].

Энциклопедиялық сөздікте шығармашылық ұғымына мынандай анықтама беріледі: «Шығармашылық — ойлау іс-әрекетінің ең жоғарғы формасы».

Шығармашылықты дамыту оқушылар төмендегі іс-әрекеттерді меңгереді:

- көркем ойлаудың қарапайым дағдыларын меңгеруі;
- көркем бейнелерді өзара салыстыра білуі;
- кескіндеменің бейнелі мазмұнына эмоционалды көңіл бөлуі мен көркем бейнелердің көңіл-күйін түсінуі;
- халықтық-қолданбалы өнері туралы мағлұматты білуі;
- сәндік іс-әрекеттің дағдыларының болуы

Жеке тұлға оқу үрдісінде қарым-қатынас жасау арқылы дамиды, білім, білік, дағдыны қабылдайды және шығармашылық әрекеттер орындау негізінде өзінің мүмкіндіктерін жетілдіреді. Шығармашылық құзыреттілік музыка, қолөнер, сурет салу т.б. іс-әрекеттің нәтижелі түрлері арқылы қалыптаса бастайды. Баланың интеллектісін жан-жақты дамытуда көркем еңбек пәнінің маңызы ерекше. Себебі, шығармашылық қабілеттің маңызды бөлігі еңбек арқылы дамиды. Мектепте оқытылатын әр пәннің мазмұны оқушының жан-жақты дамуына, оқушының шығармашылық дағдысының қалыптасуына мүмкіндік береді. Сол пәндердің бірі «Көркем еңбек» пәні.

Бұл пән мектеп бағдарламасында кіріктірілген (интерактивті) пән болып табылады. Бейнелеу өнері мен технологияның мазмұндық кешенін құрайды. Бұл пәннің мақсаты оқушыларға көркем ойлаудың қарапайым дағдыларын меңгерту, эстетикалық талғамын ояту, қолданбалы өнердің түрлерінен мағлұмат беру, сәндік-қолданбалы технологияның маңызды бөлігімен таныстыру т.б. [3].

Бағдарлама мазмұны мектеп оқушыларының пәнаралық үйлесімділігін дамытуға негізделген. Атап айтқанда, бейнелеу өнері мен технологияның тақырыптарын оқыту нәтижесінде білім алушы әртүрлі біліктер мен дағдыларды игереді. Сонымен қатар бағдарлама мазмұнында заманауи технологияның түрлері мен ерекшеліктеріне талдау жасалынған.

Қыз балаларды халық педагогикасының негіздері арқылы үй мәдениетінің элементтерімен таныстыруға да ерекше мән берілген. Бұл ұлттық тәрбиенің үйлесімділігі мен сабақтастығын дәріптеу, болашақ ұрпақтың ұлттық санасын қалыптастыру болып табылады. Осындай тенденция білім беру парадигмасының ұлттық сипатқа ие болуының бірден-бір кепілі болмақ.

Оқу пәнінің білім беру мазмұны төмендегі бес бөлімнен тұрады:

- 1) визуалды өнер;
- 2) сәндік-қолданбалы өнер;
- 3) дизайн және технология;
- 4) үй мәдениеті;
- 5) тағам дайындау мәдениеті[4].

Бағдарламадағы тақырыптар оқушының көркем өнер, заманауи дизайн және технология саласындағы білімдерін кеңейтеді. Әртүрлі ғылымдардың интеграциялық байланыстары арқылы оқушылар көптеген мәліметтермен танысады. Оқушылардың танымдық қызығушылықтары оянып, белсенділіктері пайда болады, жаңа затты әдемі жасауға деген ұмтылысы артады.

Визуалды өнер бөлімінде бейнелеу өнерінің құралдары, классикалық бейнелеу өнерінің үздік туындылары, қазақстандық суретшілердің шығармашылығы, бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары, натюрморт өнері, ұлттық сәндік натюрморт, пейзаж, табиғатпен үйлесімділік, индустриалды пейзаж, қала пейзажы, сызықтық перспектива, пластикалық пішіндер өнері, мүсін өнері, шығармашылық жұмыс, көрме ұйымдастыру т.б. тапсырмалар беріледі.

Шығармашылық тапсырмаларды орындау оқушылардың зерттеушілік және креативті ойлау мүмкіндігін дамытады. Визуалды өнер бөлімінде берілген бейнелеу өнерінің құралдары арқылы оқушылар әртүрлі тапсырмаларды орындайды. Бейнелеу өнерінің құралдарымен танысып, олардың ерекшеліктерін, түрлерін ажыратуға үйренеді. Нысананы елестету, санаға бейнелеу, зейінді бір арнаға шоғырландыру сияқты үрдістер психологиялық қабілеттерді қажет етеді.

Классикалық бейнелеу өнерінің туындылары ұлттық болмысты, ондағы дүниетанымдық көзқарасты бейнелейді. Креативті идеялар мен қиялдарды санада бейнелеуге мүмкіндік береді. Пейзаждағы түстік үндестік керемет кескіндікді колорит қалыптастырып, оқушының қиялы мен арманын шыңдайды.

Тылсым табиғат әлемінің тұңғық сыры мен шынайы болмысын бейнелеу өнері арқылы жеткізу оқушының дүниетанымын, табиғатқа деген ерекше қасиетін қалыптастырады.

Сәндік-қолданбалы өнер бөлімінде сәндік-қолданбалы өнердің мазмұны, негізгі формалары мен ерекшеліктері, Қазақстан халқының сәндік-қолданбалы өнерінің тарихы, сәндік-қолданбалы өнердегі заманауи және дәстүрлі емес материалдар, сәндік бұйым, бұйым дайындау, өру өнері, өру түрлері т.б. мәселелер берілген.

Қазақстан халқының өнерінен мағлұмат бере отырып, оқушылардың дүниетанымын кеңейтеді.

Дизайн және технология бөлімінде оқушылар конструкциялық материалдарды өңдеуді үйренеді. Әртүрлі сымдарды қолдану негізінде пішіндер жасайды. Қарапайым нысандардың дизайнын дайындау бойынша тапсырмаларды орындайды. Инновациялық және креативті әдістер негізінде оқушылар жобалауды, жоспарлауды, графикалық сызуды үйренеді. Дизайн оқушының шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға негіз болады. Дизайн пәнінің құрылымы мен принциптерін үйрену арқылы оқушының шығармашылық ойы қалыптасады, белгілі бір пішінді немесе кеңістікті өзгертуге әрекет жасайды. Оның әдемілікке, сұлулыққа деген ішкі түйсігі оянады. Сыртқы әлем мен ішкі дүниенің арасындағы гармония маңызды болып табылады. Заманауи тенденциялар, архитектуралық өзгерістер, интерьер құралдары, эстетикалық талғам т.б. бұл ғылымның өзектілігін нақтылай түседі. Жаңа мәдени сұраныстар мен қажеттіліктердің пайда болуы заманауи мәдениеттің дамуына ықпал етеді. Себебі, мәдениет қоғам дамуының алғышарты және шешуші факторы болып табылады. Тамақтану мәдениеті бөлімінде адам ағзасына пайдалы және зиян заттармен танысады. Дұрыс тамақтанудың ережелерін меңгереді. Жоғарыда аталған көркем еңбек пәнінің мазмұны оқушылардың іскерлігі мен ептілігін дамытады.

Сабақта мұғалім оқушылардың еңбекке деген икемділігі мен іскерлігін қалыптастырудың әдістері мен технологияларын үйретеді. Еңбек етудің алғашқы белгілері отбасында қалыптасады. Баланың тұрмыстық іс-әрекеттерді орындау барысында оның белгілі бір сапалары көріне бастайды. Баланың бойындағы әртүрлі қабілеттерді ашу мұғалімдердің құзыреттілігінде.

Бейнелеу өнері мен Технология пәндерінің интеграциялануы арқылы пайда болған көркем еңбек пәні оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Көркем еңбек пәнінің мазмұнына халықтың қолөнері, ою-өрнек түрлері, дизайн, витраж, мозайка құрастыру сияқты қызықты тақырыптар беріледі.

Көркем еңбекте шығармашылық жұмыстарды орындау барысында қазақтың ұлттық мәдениет элементтерін пайдаланады. Қолөнердің түрлерін жасау оқушының эстетикалық талғамын, іскерлігін, еңбекқорлығын жетілдіреді.

Қолөнер бұйымдарын оқушыларға жасату әсемдікке, сұлулыққа тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Еңбек әрекеті арқылы қоғамға қажетті қолөнер бұйымдарының сан алуан түрлерін өз қолдарымен дайындап, оны өмір қажеттілігіне қолдануға мүмкіндік береді, ол біріншіден жеке тұлғаның шығармашылық идеясын дамытады, екіншіден жеке кәсіпкерлікті дамытуға ықпал жасайды. Көркем еңбек пәні қолдың моторикасын жақсартады. Сонымен қатар психологиялық процестері, атап айтсақ, түйсік, қиял, елестету т.б. дамыйды. Оқушы белгілі бір заттың бейнесін салу үшін, ойша өзі образ жасайды, соны қағаз бетіне түсіреді.

Қорыта айтқанда, жаңартылған білім мазмұнында бұл интеграциялық пән ретінде, оқушылардың шығармашылық, креативтілік, жаңаша ойлау, жоспарлау, жобалау т.б. мүмкіндіктерін ашуға көмектеседі.

Пайдаланған әдебиеттер

- Мұғалімге арналған әдістемелік нұсқау. Әдістемелік құрал. –Астана: 2015. -41 б.
- Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. — Астана, 2012 //http:akorda.kz
- С.И.Ожегов Толковый словарь русского языка -М:Образование, -1998.
- Көркем еңбек. Білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш сыныпта

* * * * *



ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫ ҮРДІСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН НЫҒАЙТУ

ЕРГАЛИЕВ САБИТ АЙТКАЛИЕВИЧ

Алматы облысы, Талғар ауданы

Облыстық санаториялық үлгідегі

мектеп-интернатының дене шынықтыру пәні мұғалімі

Жеке адамды жан – жақты дамытуда дене тәрбиесінің маңызы өте зор. оқушыларға арналған дене тәрбиесінің бағдарламасында көрсетілген басты міндеттерге сүйеніп, дене тәрбиесінің кейбір мәселелерін қарастырайық.

- оқушылар денесінің дұрыс дамуы, денсаулығының нығаюы, жұмыс қабілетінің артуы сыртқа ортаның қолайсыз жағдайларына қарсы тұрады. жақсы денсаулық адамның еңбек және қоғамның іс — әрекеті жемісті қатысуының маңызды кепілі.
- оқушылардың денсаулығына қамқорлық жасауға біздің қоғамымыз мейлінше мүдделі. барлық оқушылардың сабақтарда, сабақтан тыс уақытта, спорт секцияларында дене тәрбиесін күн сайын ұйымдастырып қолайлы жағдайлар жасау қажет.
- оқушыларға дене тәрбиесін беру үшін спорт ұйымдары мен клубтардың, кәсіпорындар мен мекемелерде базасы кеңінен пайдалануы керек.
- өмірге қажетті дағды және іскерлік табиғи қозғалыстың барысында қалыптасады. табиғи қозғалыстың түрлері: жүгіру, қарғу, жүзу, лақтыру, шаңғы, коньки, велосипед тебу, акробатика, снарядта жаттығу.

- дене тәрбиесі саласында ырғақ және гигиена, дене шынықтыру мәдениеті, туризм, спорт ерекше орын алады. сабақтар мен сыныптан тыс дене тәрбие жұмыстарында күн ырғағы, дене жаттықтыру, организмді шынықтыру, тамақтану гигиенасы, ұйқы т.б. жөнінде оқушылар нақты білім алуы тиіс.
- мектепте дене тәрбиесін мұғалім, сынып жетекшісі, тәрбиеші басқарады. олардың істейтін жұмыстарының мазмұнына кіретін негізгі мәселелер:
- шәкірттерге оқу, еңбек және демалыс ырғағын ұтымды пайдалануды үйрету, оқушылардың денсаулығын үнемі бақылау, жұмыс қабілетін жақсарту, оларға жағдай туғызып, қамқорлық жасау.
- мектеп ғимаратына, жұмыс жабдыттарын спорт өткізілетін орындарға қойылатын санитарлық – гигиеналық талаптарды орындау, оқушыларды жеке және қоғамдық гигиенаға дағдыландыру.
- оқу күні және оқу жылы бойында қозғалыс жасау, қозғалтқыш әрекетке үйрету және қозғалтқыш сапаларын дамыту дене шынықтыру және суықтыру жұмыстарын тиімді өткізуді қажет етеді.
- дене тәрбиесін мектепте және мектептен тыс оқу орындарында, спорттық базаларда іске іске аыру үшін төмендегі талаптарды — міндеттерді еске алған жөн:
- оқушылардың бойында жоғары адамгершілік сапаларын тәрбиелеу.
- шәкірттердің денсаулығын нығайту, жұмыс қабілетін көтеру.
- спортпен шұғылдануға оқушылардың тұрақты қызығуын және
- қабілетін дамыту.
- негізгі қозғалтқыш сапаларын дамыту.
- **дене тәрбиесін ұйымдастыру формалары және құралдар**
- мектепте дене тәрбиесін ұйымдастыру формаларына дене шынықтыру сабақтары, сыныптан және мектептен тыс жаппай спорт жұмыстарына жатады.
- сабақ – дене тәрбиесін ұйымдастырудың негізгі формасы. дене шынықтыру сабақтары мемлекеттік оқу бағдарламасына сәйкес жүргізіледі.
- мектеп ұжымында спорт секциялары жұмыс істейді, спорттың түрлерінен жаппай жарыстар өткізіледі, қоғамдық нұсқаушылар мен төрешілер дайындауда жоспарлы түрде жұмыс ұйымдастырылады, оқылар спорт жұмысының көптеген түрлеріне қатысады.
- дене тәрбиесінің негізгі құралдарына дене жаттығулары, гимнастика, ойын, туризм, спорт , табиғи факторлар жатады.
- **дене жаттығулары** – бұл саналы түрде орындалатын қимылдар және қозғалтқыш әрекеттер. дене жаттығулары бұлшық ет жүйесін, қан айналымын және тыныс алу мүшелерін дамытады, буын сүйектерін қозғалмалы етеді, жалпы жұмыс қабілетін жақсартады. дене жаттығулары бүкіл организмнің дамуына, жетілуіне қолайлы ықпал жасайды.
- **гимнастика.** мұның бірнеше түрлері бар: негізгі және гигиеналық гимнастика, спорттық гимнастика, акробатика, көркемдік гимнастика, өндірістік және емдік гимнастика.
- оқушылардың дене тәрбиесінде негізгі гимнастика үлкен роль атқарады. осы гимнастика бойынша дене жаттығулары дене шынықтыру бағдарламасының басты бөлімдерін құрайды. негізгі гимнастика құрастыратын жаттығулар: саптағы қозғалыс, жалпы дамыту жаттығулары (әр түрлі бұлшық е топтары мен буындар қимылы), музыка арқылы орындалатын ерікті жаттығулар, қимылды билеу формалары, қимылдың тұтас табиғи формалары (жүру, жүгіру, қарғу, өрмелеу т.б). негізгі гимнастика көбінесе дене шынықтыру сабақтарында пайдаланылады.
- **ойын** балалар өмірінде үлкен орын алады. дене тәрбиесінде қозғалыс ойындары пайдаланылады. қозғалыс ойындары оқушылардың ептілігін, тапқырлығын, өзін — өзі билеушілігін дамытады, қозғалтқыш дағдыларын жетілдіреді.
- мұндай ойындар оқушыларды жылдамдыққа, төзімділікке тәрбиелейді. дене тәрбиесінде оқу бағдарламасына сәйкес спорттың ойындар: футбол, баскетбол, волейбол, қол добы, теннис пайдаланылады. оқушылар әрбір ойынның тәсілдерін зерттеп үйренеді.
-

- **туризм** дене тәрбиесінде серуен, саяхан, туристік жорық түрінде пайдаланылады. туризмге оқушылардың барлығын қатыстыруға болады. туризм оқушыларды төзімділікке, ұжымшылдыққа, еңбек сүйгіштікке және қолайсыз сыртқы жағдайларда кездесетін қиыншылықтарды жеңуге тәрбиелейді.
- **спорт** біздің елімізде бірінғай бағдарлама және ережелер бойынша өткізіледі. спорттың көптеген түрлерін атауға болады. олар – жеңіл атлетика, гимнастика, шаңғы спорты, жүзу туризмнің спорттық түрлері т.б.
- дене тәрбиесіндегі маңызды құралдардың бірі – **табиғат факторлары**. күн көз, ауа, суға шомылу, душ қабылдау суықтыру ретінде пайдаланылады. табиғат факторларын балалардың сауықтыру жұмысы кезеңінде пайдалану өте тиімді болады.
- балалардың сауықтыру жұмыстарын қоғамдық пайдалы еңбекпен үйлестіріп жүргізудің үлкен тәрбиелік мәні бар. мысалы, туған өлкенің табиғи байлығымен танысу, орман шаоруашылығын, қорықтарды, бассейндерді қорғау, кейбір жеңіл – желпі ауылшаруашылық жұмыстарын шефке алу т.б.
- **қазақ халқының ұлттық қозғалмалы және спорт ойындарының дене тәрбиесіндегі орны.**
- қазақ халқы материалдық мұраларға қоса мәдени қазыналарға да аса бай халықтардың бірі. сондай қомақты дүниелер қатарына ұлт ойындары да жатады. ұлт ойындары халықтың әлеуметтік — экономикалық жағдайларына үйлесімді жасалған әсер береді.
- ойын өнер ретінде әдебиет пен мәдениеттің сан алуан түрлерімен қабысып, бірін – бірі толықтырып, байыта түседі.
- өзінің өлең – жырларында халық ойынды тәрбие құралы деп танып, оның бойындағы жастарды ойландырып, толғандырып қасиеттерін аша түседі. ойын тек жас адамның дене күш – қуатын молайтып, оны шапшаңдыққа, дәлдікке, т.б. ғана тәрбиелеп қоймай, оның ақыл ойының толысуына, есейіп өсуіне де пайдасын тигізеді.
- ұлттық ойындар өзінің бастауын халықтық педагогикасының тұңғығынан алады. қазақтың ұлттық ойындары ерлікті, өжеттікті, батылдықты, шапшаңдықты ептілікті, тапқырлдықты, табандылықты т.б. мінез – құлықтың ерекшеліктеріен бірге күш – қуаты молдығының, білек – күшін, дененің сомданып шығуын қажет етеді. сонымен бірге бұл ойындар әділдік пен адамгершіліктің жоғары принциптеріне негізделеді.
- қазақтың ұлттық ойындары: көкпар, сайыс, күрес, теңге алу, қыз қуу т.б. спорттық сипатпен бірге үлкен тәрбиелік маңызға да ие болды.
- қазақ халқының ұлттық ойындары елдің өмірімен тығыз байланысты, оның шаруашылық, экономикалық, әлеуметтік тұрмысынан туған. сондықтан, оның тәрбиелік маңызы аса жоғары, әрі құнды.
- бастауыш мектептердегі балалардың дене тәрбиесі барысында қозғалмалы ойындарға жетекші роль беріледі. дене тәрбиесінің негізгі құралы мен әдістерінің бір ретінде көп қозғалысты ойындар суықтыру және тәрбие, білім беру міндеттерін тиімді шешуге мүмкіндік ашады.
- спорттық ойын нышандары бар ойындар балалар қимыл – қозғалыс ойындарына қарағанда балалардың жинақылықты, ұйымшылықты бқылағыштықты, айқын, қолайлы қимыл техникасын ұшқыр қимыл сезімін көбірек талап етеді. мысалы: “ақ серек, көк серек”, “айгөлек”, “соқыр теке”, “орамал тастау”, “ақ терек”, “жаяу жарыс”, “әуе таяқ”, “жанды дөнгелек”, “төспа доп”, “қара құлақ”, “доп тебу”, “ақ сандық”, “тең көтеру”, “кім түртті”, “ұшты ұшты”, “саққұлақ”, “қуалап соқ”, “қан көбелек”, “арқан тарту” спорттық ойын нышалдары бар ойындар қатарына жатады.
- ойынның тіл дамуындағы ролі ерекше. м.горький айтқандай, бала сөзбен де ойнайды. осы сөзбен ойнағанда, өз ана- тілінің нәзік қасиеттерін үйренеді, тілдің музыкасын ұғынады.
- қазақтың ұлттық ойындарының тағы бір ерекшелігі — оған өлең сөздің араласып келіп отыратындығы.

- қазақтың ұлт ойындарының бір қыдыруы “ойлануды қажет ететін ойындарға” жатады. олар көбінесе, логикалық ойлау мен математикалық, философиялық ойлануды дамытуға негізделген. солардың төресі “тоғыз құмалақ” . оймен келетін ойындарды сөз еткенде шахмат, дойбы ойындарының болғанын да атап өтуіміз керек. шахмат, дойбы қазақтар мекендеген кезде түрік заманынан белгілі екенін көрсететін деректерде бар.
- оқушыларға дене тәрбиесін берудегі отбасы мен мектептің байланысы.
- ұлттық қимыл – қозғалыс және ұлттық ойындарды үзілістердегі, ұзартылған күн топтарындағы ерптеңгілік, кештердегі оқушылар ұжымында еркін сезіну, саналы тәртіп, еңбексүйгіштік , мақсатқа жетудегі табандылық атмосферасын қалыптастыруға ұмтылу қажет. осыдан халық ойындарын сыныптан тыс тәрбие жұмысында пайдалану шарттары, әдістері мен түрлерін қарастыру қажеттігі туады. тек осындай жағдайда ғана халық ойындары тек ермекке кетпей, оқу – тәрбие мақсаттарына бағындырылып, пайдасын тигізеді. халық ойындарын тәрбие жұмысында пайдалану мектеп келесі шарттарды орындаған жағдайда нәтиже береді.
- сынып жетекшілері, тәрбиешілер және тағы басқалар халық ойындарына жауапты қарап, кез – келгенде ғана емес, жоспарлы және күнделікті пайдалану;
- оқу жылы баында тәрбие жұмысының жалпы мектептік жоспарын, басшылыққа алып, сынып жетекшілер және пән мұғалімдері өздерінің жоспарларына міндетті түрде халық ойындарына енгізу.
- тәрбие ісі меңгерушісі халық ойындарының тәрбие жұмысы жоспарларына кіруін бақылау.
- мектеп әкімшілігі халық ойындарын үйрену және өткізу мәселелері бойынша мұғалімдер мен белменді оқушылар семинарларын өткізу.
- оқушылардың ойынға қызыуын көтеру үшін оларды оларды ұйымдастырушылар мазмұны мен ретін біліп қана қоймай, оларды өткізуге өздері де қатысу.
- халық ойындарын сабақтарда, тәрбие сағаттарында, кештер мен ертеңгіліктерде қолдану мектептің кәсіптік бағдар жұмысының мазмұнына енгізу.

* * * * *

ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ

ШАҒАНСАРИЕВА АЙНУР ДАУЛЕТКЕЛДИЕВНА

Алматы облысы, Талғар ауданы, Ақдала ауылы

№ 44 жалпы білім беретін орта мектептің информатика пәні мұғалімі



XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам, технологиялық мәдениет дәуірі. Ғылыми - техникалық әлеумет және оның өзін-өзі дамытуға қабілеттілігі жалпыға бірдей бәсекелестік жағдайында басты фактор ретінде қарастырылуда.

Ақпараттық технология – экономиканың және бүкіл қоғам мен мемлекеттің “ілгерілеуінің” белгісі. Біздің өркениетті дамуымыздың барлық маңызды өмірлік салалары бүгінде ақпараттық технологиялармен және жасалымдармен тікелей байланысты десем, асыра айтқаным емес...

Заманауи ақпараттық қоғамның қалыптасуы мен дамуына үлес қосатын, оқу үрдісінде оқушылардың интернет желісіне қол жеткізудің спутниктік жүйелерін, шұғыл корпоративтік және кең жолақты байланыс, навигацияларды үйреніп отырғандығы жасырын емес.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі - маңызды мәселелердің бірі. Жас ұрпақты әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұның құру – жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселенің бірі.

Мұғалімнің бағыттауымен бала білімді меңгеріп қана қоймай, оны өмірде, кез келген уақытта өз іс-тәжірибесінде тиімді қолдана білуі шарт.

Осыған орай информатиканы оқытудың негізгі мақсаты - әрбір оқушыға информатика ғылымы негіздерінің алғашқы фундаментальды білімін беру, оқушыларға осы білімді мектепте оқытылатын басқа ғылымдарының негіздерін түпкілікті және сапалы түрде меңгеруге қажетті іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру болып табылады.

Қазіргі таңда оқытудың сан алуан тәсілдерін қолдана отырып, нәтижеге бағытталған оқыту болады. Мұғалімнің сабақ алдында қоятын басты мақсаты – оқушыларды пәнге қызықтыратын терең, сапалы, тиімді білім беру. Оған мұғалім тынымсыз іздену еңбегінің нәтижесінде ғана қол жеткізуге хақ. Бұл жағдайда мен пәнге оқушыларды жалықтырмай қызығушылығын арттыру мақсатында сабақты түрлендіріп өткізуге назар аударамын. Әртүрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану балалардың тілін дамытып, жан-жақты терең білім алуына жағдай жасап қана қоймай, оқушы бірде басқаға көмектессе, бірде басқаның көмегін өзі алады. Оқу білімді өз ізденісімен, өз білімділігімен алады, іскерлік дағдылары қалыптасады. Әрбір технология жаңа әдіс-тәсілдермен ерекшеленеді.

Осы тәсілдерді мұғалім іздену арқылы жетілдіре түседі. Қызықты сабақ болса оқушының сол пәнге қызығуы артып қана қоймай, мұғалім жаңалығы, ізденісі, қолданған әдісі арқылы ерекшеленіп, оқушы жүрегінен орын алады. Сын тұрғысынан ойлау жүйесі оқытуды жаңаша ұйымдастырудың негізгі міндеттерін: қызығушылықты ояту, мазмұнды ашу, рефлексия (ой-толғаныс) жүзеге асыруды қамтамасыз етіп оқушылар оқу үрдісін басқарысып қана қоймай, көбіне дербес басқаратын болады, жеке жұмыстың көлемі азайып, ұжымдық іс - әрекет білім игеруде орта қарым-қатынас құралына айналады, балалардың деңгейіне қарап сараланып, ерекшелігіне қарап даралануы мұғалім емес, балалардың өз еркімен жүзеге аса бастайды.

Әрбір ұстаз алдындағы міндет -өзі оқытатын пәнінен көкірегінде сәуле бар, талантты шәкіртті тани біліп, оқушы дарынын ашып, оған бағыт-бағдар беріп, оны дамыта білу. Оларды баулып, қамқорлыққа алып тәрбиелеу -ортақ шара. Оқушы бойындағы дарынын қырағылықпен көре білу-мұғалім үшін аса қажетті қасиет. Ол үшін әр мұғалім өзі ізденіп, ерінбей еңбектеніп, баланың ерекше қабілеттерін байқауда күнделікті сабақта, тәрбие жұмысында, үйірме жұмысында оқушыны үзбей бақылап, бала бойындағы дарындылықты немесе жүйелі білім алуға қабілетті тұлғаны анықтайды. Сол тұлғаның пәнге деген қызығушылығын туғызып, танымдық іс-әрекетті қалыптастыру үшін интерактивті оқыту үрдісін пайдалану қажет.

Интерактивтік оқыту – бұл, ең алдымен оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұхбаттасып оқыту болып табылады. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Олай болса, ақпараттық бірліктердің білімге айналуы әлемнің жүйелік – ақпараттық бейнесін оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейтін, адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылатын интеллектуалды дамуды қалыптастырудың бір жолы.

Сондықтан сабақ барысында оқушылардың өзара қарым-қатынасын және шығармашылығын арттыру үшін интерактивті әдістің ролі ерекше деп ойлаймын. Себебі информатика сабағын оқытуда интерактивті әдістерді қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады, өздігінен оқу ынтасын дамытады, ұжыммен жұмыс істеу дағдысын қалыптастырады, қарым-қатынас дағдысын қалыптастырады және дамытады, ал ең бастысы оқуға деген белсенділікті көтереді.

Интерактивтік оқытудың тиімділігі сол, сыныптағы барлық оқушы қамтылады, олар өздерінің білетін және ойлайтын нәрселері арқылы түсінуге және қарсы әсер етуге мүмкіндік алады.

Оқу материалын игеруде, оқушылардың біріккен әрекеттері мынаны білдіреді; әр оқушы өзіне тән ерекше еңбегін сіңіреді, білім, идея, әрекет ету тәсілдерін алмасу үздіксіз жүреді. Сонымен қатар, мұнда өзара қолдау және бір-біріне деген жанашырлық қалыптасады.

Информатика сабағын жүргізуде дидактикалық тапсырмаларға сәйкес әдістерді таңдау өте маңызды. Сабақта қолданылып жүрген рөлдік ойындар, іскерлік ойындар, пікір-талас, оқушылардың баяндамалары мен ақпараттық хабарлары, дәріс, диалог, тренинг, ұжымдық-танымдық оқу, имитация әдістері осы жоғары белсенділікті дамыту әдісінің белгілері болып табылады.

Интербелсенді әдістер өте көп. Мен өз сабақтарымда қолданатын әдістерге тоқталып кететін болсам: «Ми шабуылы»– бұл әдіс, берілген сұраққа кез-келген оқушы жауап бере алатын әдіс. Маңыздысы айтылған көзқарасқа бірден баға қоймау керек, барлығын қабылдау қажет және әрқайсысының пікірін тақтаға немесе парақ қағазға жазған дұрыс. Қатысушылар олардан негіздеме немесе сұраққа түсініктеме талап етілмейтінін түсінулері керек. «Миға шабуыл» әдісі информатика пәнін оқытуда қолдануда өте маңызды. Себебі, бұл әдісті оқытуда қолданудың нәтижесінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады, шығарашылық қабілеті дамиды, өзара қарым-қатынас деңгейі артады.

Оқушыларға **“Карусель”** деп аталатын жұмыс түрі қатты ұнайды:

Екі сақина жасалады. Ішкі және сыртқы сақиналар. Ішкі сақина - бұл қозғалмай отырған оқушылар. Сыртқы сақинада – оқушылар ауысып тұрады және ішкі сақинадағыларға сұрақтар қояды. Бұл әдісті бір тарауды қайталау бойынша пайдаланған қолайлы. Мысалы «Ms Word» тарауын қайталау барысында, сыртқы сақина сұрақтар қояды, ал ішкі сақина оқушылары сұраққа жауап беріп ноутбуктан көрсетіп отырады. Осы әдіс арқылы әрбір оқушының тақырыпты қаншалықты меңгергендігі айқын көрінеді.

Сондай-ақ мен сабақтарымда мәтіннен алған түсінігін қорыту, өмірмен байланыстыру, дәлелдеуді қажет ететін **«Фишбоун»** әдісін жиі пайдаланамын. Оқушылар берілген балық қаңқасына кара сөзбен проблеманы, оның туындау себептерін анықтайды, дәлелдерін келтіреді, қорытынды жасайды. Мысалы «Интернет желісі» тақырыбында оқушыларға проблеманы анықтау және оны шешу жолдары деген тапсырма беріледі. Оқушылар өз ойларын күнделікті өмірмен байланыстырып, жан- жақты жауап береді.

БББ стратегиясын сабақта пайдаланудың маңызы зор. Мысалы Ms Excel тақырыбында сабақ басында кестенің «Білемін» бөліміне Ms Word тарауы бойынша өткен кесте туралы білетіндерін жазса, «Білдім» бөліміне Ms Excel бойынша алған білімдерін жазады, ал «Білгім келеді» бөліміне болашақта үйренгісі келеді сұрақтарды жазады.

«Қораптағы тапсырмалар» әдісін практикалық сабақтарда пайдалануға болады. Қорапқа қағазға жазылған әртүрлі тапсырмалар салынады. Оқушылар өздері алған тапсырмаларды компьютерде орындайды.

Сабақтың жаңа тақырыпты түсіну бөлімінде **«Кластер»** әдісін пайдалану тиімді. Бұл тапсырма шағын топтарда орындалады, оқушылар бірігіп жұмыс жасайды. Оқу материалдарын тиімді меңгеруге бейімдейді.

Сонымен бірге мен сабақтарымда рөлдік ойындарды пайдаланамын. Мысалы «Компьютерлік құрылғылар» тақырыбында оқушыларға принтер, сканер, колонка, камера, флешка кейіпіне ену тапсырмасы беріледі. Бұл әдіс оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытады және сөздік қорын арттырады.

Олай болса, ХХІ ғасыр - информатика ғасыры, яғни ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан- жақты дамуына ықпал ету мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде - өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашады. Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары деп есептеймін.

МҰНАЙ РЕСУРСТАРЫН БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Тілек Н.Н Төлеген Ә.Е Шоқанов А Ж Космбаева Г.Т Сұлтанова Д.Д. Жанабаев М.А.

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе Өңірлік университет,
tilek.nuralla@mail.ru, alibi.t_7132@mail.ru. shokanov.arman@mail.ru

Аннотация Бұл мақалада мұнай ресурстарын бағалаудың теориялық негіздері егжей-тегжейлі қарастырылады. Мұнай ресурстарын өндірудің кейбір әдістері қарастырылады, мұнайдың маңыздылығы туралы мәселе қозғалады, сонымен қатар ғалымдардың осы табиғи ресурстың пайда болуы туралы кейбір теориялары сипатталған. Мұнай ресурстарының санын бағалау әдістерінің сипаттамасы келтірілген. Сондай-ақ, кен орындарының санаттарын және кен орындарының белгілі бір санатындағы мұнай мөлшерін қандай тәсілдермен анықтайтындығын сипаттау жүргізіледі. Жаңа кен орындарын геологиялық барлауды қай жерде жүргізу керек екендігі туралы негізгі ұғымдар сипатталған. Бұл мақалада мұнай ресурстарын бағалау жөніндегі ғылыми мақалаларды талдау, мұнай өндіру жөніндегі геологтардың жұмыстарын талдау сияқты әдістер қолданылды.

Түйінді сөздер: мұнай, мұнай ресурстары, қабат, кен орны, сандық әдіс, мұнай фракциялары.

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ СИСТЕМЫ ОЦЕНКИ НЕФТЯНЫХ РЕСУРСОВ

Тілек Н.Н, Төлеген Ә.Е., Шоқанов А Ж., Космбаева.Г.Т Султанова.Д.Д Жанабаев.М.А

Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова,
tilek.nuralla@mail.ru, alibi.t_7132@mail.ru. shokanov.arman@mail.ru

Аннотация. В данной статье подробно рассматриваются теоретические основы оценки нефтяных ресурсов. Рассматриваются некоторые способы добычи нефтяных ресурсов, затрагивается вопрос важности нефти, также описываются некоторые теории ученых о происхождении данного природного ресурса. Приводится описание методов оценки количества нефтяных ресурсов. Также проводится описание категорий месторождений и то, какими способами определяют количество нефти той или иной категории месторождений. Описываются базовые понятия о том, где лучше всего стоит проводить геологическую разведку новых месторождений. В данной статье были использованы такие методы как: анализ научных статей по оценке нефтяных ресурсов, анализ работ геологов по нефтедобыче.

Ключевые слова: нефть, нефтяные ресурсы, пласт, месторождение, количественный метод, фракции нефти.

THEORETICAL FOUNDATIONS OF THE OIL RESOURCE ASSESSMENT SYSTEM

Tilek N. N., Tolegen A. E., Shokanov A. zh., Kosmbaeva.G.T Sultanova.D.D Zhanabaev.M.A

Aktobe Regional University named after K. Zhubanov,
tilek.nuralla@mail.ru, alibi.t_7132@mail.ru. shokanov.arman@mail.ru

Abstract. This article discusses in detail the theoretical foundations of the assessment of oil resources. Some methods of extracting oil resources are considered, the question of the importance of oil is touched upon, and some theories of scientists about the origin of this natural resource are also described. The methods of estimating the amount of oil resources are described. It also describes the categories of deposits and the ways in which the amount of oil of a particular category of deposits is determined. The basic concepts of where it is best to conduct geological exploration of new deposits are described. In this article, such methods were used as: analysis of scientific articles on the assessment of oil resources, analysis of the work of geologists on oil production.

Keywords: oil, oil resources, formation, deposit, quantitative method, oil fractions.

Кіріспе. Мұнай мен газ адамзатқа біраз уақыттан бері белгілі. Біздің дәуірімізге дейінгі алты мың жыл ішінде адамзат мұнайды жарықтандыру және жылыту мақсатында қолданды. Каспий теңізінің жағасындағы Александр Македонскийдің әскерлері мұнайды шамдар үшін жанғыш сұйықтық ретінде пайдаланды. Қытайда 220 жыл ішінде жаңа дәуірге дейін бамбук құбырлары тұз өндіру мақсатында Ұңғымаларды бұрғылап, жанғыш сұйықтық – "НАФТА" алды.

"Нафта" - грек сөзінен ағып, ағып, уақыт өте келе "мұнай" сөзіне өзгерді. Жарықтандырудан, сондай-ақ жылытудан басқа, мұнай ежелгі уақытта емдік құрал ретінде кеңінен қолданылған. Кейінірек мұнай жауынгерлік мақсатта қолданыла бастады. Шыңғыс ханның әскерлері ХІІ-ХІІІ ғасырларда Бұхара бекінісін иемденді. Олар оны мұнай ыдыстарымен лақтырып, содан кейін жанып тұрған жебелермен атқылады, нәтижесінде көптеген өрттер болды. Румынияда мұнай ұңғымалары 1640 жылы пайда болды. Адамдардың кеңінен қолданған көмірсутектердің біріншісі - асфальт. Ол құрылыс кезінде цементтің орнына байланыстырушы зат ретінде қолданылды. Ұлы Қытай қорғанының ескі телімдері табиғи битум қолданылып салынған [1].

Отын-энергетикалық кешен (ОЭК) әр мемлекеттің өмірінде ерекше рөл атқарады, оның өнімі болмаған жағдайда экономиканың қалыпты қызметі үшін мүмкіндік болмайды. Қарапайым адамға күніне 300 грамм шартты отын жеткілікті болды, бүгінгі күні дамыған мемлекеттерде жылына бір адамға 13 тоннаға дейін шартты отын жұмсалады, ал оны тұтыну әр 10 жыл сайын екі есе артады. Мұнай мен газды іздеу, өндіру және өңдеу шығындарының өсуіне қарамастан, оларды пайдалану үнемі артып келеді. Ағымдағы жылы жалпы әлемдік мұнай өндіру көлемі 3,9 миллиардқа жетті. тонна [2].

Зерттеу нысаны: отын-энергетикалық кешені (ОЭК)

Зерттеу әдістері. Бұл мақалада мұнай ресурстарын бағалау жөніндегі ғылыми мақалаларды талдау, мұнай өндіру жөніндегі геологтардың жұмыстарын талдау сияқты әдістер қолданылды.

Зерттеу нәтижелері. Мұнайдың пайда болуы туралы көптеген еңбектер жарияланды, әртүрлі гипотезалар ұсынылды. 1866 жылы француз ғалымы М. Бертло мұнай жер қойнауында минералды элементтерден пайда болды деген пікірін білдірді. Ол бейорганикалық материалдардан көмірсутектерді жасанды синтездеуге сәйкес бірнеше эксперименттер жүргізді. Негізінен сарапшылар екі: органикалық және бейорганикалық теорияны ұстанады. Мұнайдың қандай жағдайда пайда болғанын нақты түсіну мұнай кен орындарын іздеу мен барлау үшін өте маңызды.

Жер қыртысының шөгінді қалыңдығы қабаттарда жиналады. Мұнай және газ кен орындарының көп бөлігі шөгінді жыныстармен шектелген, олардың көпшілігі жақсы коллекторлар (құмдар, құмтастар, конгломераттар, жарықтар, сондай-ақ кавернозды әктастар мен доломиттер). Мұндай тау жыныстары, саз, тақтатас және тағы басқалар сияқты, резервуардағы газ-сұйық консистенцияларға дерлік өтпейді. Тығыз жыныстар мұнай немесе газдың жиналуына жағдай жасайды. Жер қыртысында жасалған тектоникалық қозғалыстар қабаттардың бастапқы көлденең орналасуын сақтамайды, бұл олардың иілуіне, мыжылуына, жыртылуына әкеледі. Жергілікті дөңес (жоғары қарай иілу) бар қабаттың бөлігі, әдетте *антиклинальды* қатпар, ал төмен қарай дөңес *синклинальды* деп аталады [3].

Геологиялық барлау процедурасы белгілі бір өндірістік, сондай-ақ академиялық зерттеулерде қолданылатын өзара тәуелді кешен ретінде анықталады, олар қажетті қазбаны ашуға, геологиялық-экономикалық бағалауға және зерттеуге дайындалуға кепілдік беруі керек. Мұнай мен газдың жиналуын анықтау, іздеу және зерттеуге дайындық айтарлықтай уақытты алады. Геологиялық барлау барысында мұнай мен газға геологиялық, геохимиялық, геофизикалық және өзге де тәсілдер пайдаланылады.

Кен орындары 1-кестеде келтірілген жіктемелерге бөлінеді.

Кесте 1 - Кен орындарын қорлар бойынша жіктеу

Кен орны	Мұнай, млн.т.	Газ, млрд. м ³
Шағын	До 10	До 10
Орташа	10-30	10-30
Ірі	30-300	30-300
Алыптар	300-1000	300-1000
Бірегей	1000 жоғары	1000 жоғары

Мұнай қорлары: *баланстық және баланстан тыс* болып 2 санатқа бөлінеді. Біріншісі - заманауи техниканы неғұрлым абсолютті және оңтайлы пайдалану кезінде жер қойнауынан алынған. Екіншісі - жер қойнауынан алынбайды, сонымен қатар мұнайдың сапасының төмендігі, ұңғымалардың өнімділігінің төмендігі, резервтердің шектелуі немесе пайдалану жағдайларының ерекше қиындығы салдарынан қазіргі уақытта зерттеуге енгізуге барлық мүмкіндігі жоқ, бірақ кейіннен индустриялық зерттеу мақсатында қарастырылуы мүмкін [4]. Қорларды бағалау кезінде кен орындарына мынадай санаттар: А; В; С; С₂; С₃; D_{1л}; D₁; D₂ беріледі.

А санаты - кен орнының нысанын білдіреді, сондай-ақ көлемін абсолютті белгілеу, мұнай-газ қабатының тиімді қуаты, мұнайдың жоғары сапалы және сандық құрамы белгіленген. А тобының ресурстары мұнай және газ кен орнын зерттеудің расталған жобасымен келісе отырып, бұрғыланған кен орындарына сәйкес есептеледі.

В санаты - мұнай-газ санаты мұнай мен газдың индустриалды ағындары нәтижесінде, сондай-ақ кәсіптік-геофизикалық талдаулар мен өзектің қолайлы көрсеткіштері негізінде анықталды. Кен орнын игеру жағдайларын сипаттайтын кен орнының барлық параметрлері мен тән белгілері кен орнын зерттеу жоспарын қалыптастыру мақсатында қажетті дәрежеде зерттелді. В тобының қорлары мұнай кен орнын зерттеудің расталған ғылыми-техникалық схемасымен не газ кен орнын тәжірибелік-өнеркәсіптік зерттеу жобасымен келісе отырып, бұрғыланған кен орнына (оның бөлігіне) сәйкес есептеледі.

С₁ санаты - кен орындарының резервтері (оның бөліктері), мұнайдың өнеркәсіптік ағындарының негізінде анықталатын мұнай-газдылығы (ұңғымалардың үлесін қабаттарды сынаушы тексерген), сондай-ақ сыналмаған ұңғымалардағы геологиялық және геофизикалық талдаулардың оң қорытындыларын білдіреді. Ұңғымалардың тиімділігі, қабаттың гидроөткізгіштігі мен пьезоөткізгіштігі, қабаттық қысымдар, температура, мұнайдың, сондай-ақ конденсаттың дебиттері ұңғымаларды сынау және зерттеу қорытындыларына сәйкес зерттелді. Гидрогеологиялық және геокриологиялық талаптар ұңғымаларды бұрғылау қорытындыларына сәйкес және көршілес барланған кен орындарымен ұқсастығы бойынша айқындалған. С₁ тобының резервтері геологиялық-барлау жұмыстары мен бұрғылау қорытындыларына сәйкес есептеледі және мұнай кен орнын зерттеудің технологиялық схемасын қалыптастыру мақсатында бастапқы деректерді сатып алуды қамтамасыз ететін дәрежеде зерттеуге міндетті.

С₂ санаты - кен орындарының қорлары (оның бөліктері), олардың болуы геологиялық және геофизикалық зерттеулердің мәліметтерімен негізделеді: ең үлкен санаттағы резервтері бар учаскелерге іргелес жатқан кен орындарының барланбаған бөліктерінде; барланған кен орындарының сыналмаған кен орындарында. С₂ санатындағы қорлар кен орнының мүмкіндіктерін белгілеу және геологиялық барлау жұмыстарын жоспарлау мақсатында қолданылады, олар ішінара кен орындарын зерттеу үшін жобалау құжаттарын қалыптастыру мақсатында қолданылады.

С₃ санаты - мұнай-газ телімінің шекарасында болатын тұзақтарды тереңдетіп бұрғылау мақсатында дайындалған мұнай мен газдың перспективалы ресурстары.

D_{1л} санаты; D₁; D₂ - болжамды мұнай ресурстары. Болжамды ресурстарды сандық бағалау бірыңғай геологиялық идеялар негізінде гипотетикалық сипаттамаларға сәйкес, сондай-ақ неғұрлым зерттелген өзге өңірлермен ұқсастыққа сәйкес орындалады.

Кен орнындағы мұнай қорларын есептеу үшін көлемдік әдіс қолданылады. Есептеу формуласы (1):

$$Q = F * h * m * \beta * \eta * \gamma * \delta \quad (1)$$

где: Q – тоннадағы мұнайдың өндірістік қорлары;

F – мұнай көлемі М;

h – мұнай қаныққан қабаттың тиімді қалыңдығы м;

m – тиімді кеуектілік коэффициенті;

β - мұнаймен қанығу коэффициенті;

η – мұнай беру коэффициенті;

γ – мұнайдың үлес салмағы (стандартты жағдайларда);

δ – қайта есептеу коэффициенті (мұнайдың азаюын ескеретін) [5].

Қорытынды. Мұнай-газ өнеркәсібі - бұл жұмысшылардың жоғары біліктілігі мен жақсы дайындығын қажет ететін өте күрделі өндіріс саласы. Мұнай өндірудің күрделілігіне қарамастан, табиғи ресурстың бұл түрі жер тұрғындары үшін қажет, өйткені ол басқа өндірістік салалардың отын компоненті ретінде кеңінен қолданылады. Мұнай өңдеу өнімдері химия және фармацевтика өнеркәсібінде де қолданылады. Экономикалық тұрғыдан мұнайдың рөлі де жоғары. Мұнай-газ өндіру кәсіпорны - бұл мұнай мен газ өндіруге және оларды белгілі бір тауарлық талаптарға дейін дайындауға арналған коммерциялық жабдықтардың күрделі кешені. Көмірсутек шикізатын өндіруді ұлғайту бойынша көзделген бағдарламаларды іске асыру үшін инженерлік-техникалық кадрлар да, білікті жұмысшылар да қосымша кадрлар қажет болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Меркс Ф. Черная кровь (перевод М. Завьяловой). Науа – 2015, – 200 с;
2. Абдулин Ф.С. Добыча нефти и газа. Учебное пособие для рабочих. – М.: Недра, 1983. - 236 с;
3. Бойко В.С. Разработка и эксплуатация нефтяных месторождений – М.: Недра, 2017. – 427 с;
4. Мордвинов В.А. Эксплуатация нефтегазопромысловых систем. – Пермь: ПГТУ, 2015, - 30 с.
5. Рагозин В. Нефть и нефтяная промышленность. С. Петербург. Типография Товарищество «Общественная польза», 2018, - 561 с.

МАЗМҰНЫ

- *КАЛЫБАЕВА ЗАДАГУЛ БОРАНБАЕВНА*
- *ЮНУСМЕТОВА НИЛУФАР АБИТБЕКОВНА*
- *МАТЕУОВА ЗЕЙНЕГУЛ ЖАКСЫГАЛИЕВНА*
- *КЕУІЛ СЕРІК МАКСОТҰЛЫ*
- *ТУРГАНБАЕВА ЖАЙНАГУЛ БАРЛЫКОВНА*
- *КАЗБЕКОВА АНАР АЙБОЛАТОВНА*
- *КАРЖАУБАЕВА ДИНАРА СЕРИКБОЛОВНА*
- *ЕСБОСЫНОВА АҚМЕРЕЙ СӘЛІКҚЫЗЫ*
- *АБДИРАХМАНОВА АҚМАРАЛ ЖУМАБЕКОВНА*
- *АБДИРАХМАНОВА АҚМАРАЛ ЖУМАБЕКОВНА*
- *МУРАТБЕКОВА ГУЛЬНАРА ТОКТАСЫНОВНА*
- *ЕРЖАН АКЕРКЕ АЙБАРҚЫЗЫ*
- *АРТЫКОВА ЕЛМИРА ОМАРКОЖАЕВНА*
- *ШОРМАКОВ МАДИЯР ДОСМУКАМЕТОВИЧ*
- *ЖАНУЗАКОВА ЛАУРА АБДИКАДЫРОВНА*
- *АХМЕТЖАНОВА АЙЗАДА КАНАЙБЕКОВНА*
- *УМАРОВА АЙНУР КОШКУМБАЙЕВНА*
- *ЗИКИРЯЕВ БАКБЕРГЕН ЖАНАДИЛОВИЧ*
- *ЕРГАЛИЕВ САБИТ АЙТКАЛИЕВИЧ*
- *ШАҒАНСАРИЕВА АЙНУР ДАУЛЕТКЕЛДИЕВНА*
- *ТӨЛЕГЕН Ә.Е*